

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 537-IV Заңы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы 184-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«184-бап. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу»;

2) 184-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«184-бап. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу

1. Авторлықты иеленіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу, егер бұл әрекет автордың немесе өзге де құқық иеленушінің құқықтарына немесе заңды мүдделеріне айтарлықтай зиян, оның ішінде елеулі залалға әкеп соқтырған айтарлықтай зиян келтірсе,

жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты өткізу мақсатында авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын елеулі мөлшерде жасалған сатып алу, сақтау, тасымалдау немесе дайындау,

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3. Электрондық цифрлық форматтағы туындылардың және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналарын алмастыруға, сақтауға, тасымалдауға одан әрі қол жеткізу үшін интернет-ресурстарды ұйымдастыру, құру арқылы елеулі залал келтірген авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, –

алты жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жүз сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

4. Осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген:

а) бірнеше рет;

б) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен;

в) ірі мөлшерде немесе ірі залал келтірген;

г) адамның өз қызмет бабын пайдалануымен жасалған әрекеттер, – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

2. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; №

24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

106-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі «болып» деген сөзден кейін «, егер заңдармен өзгеше көзделмесе,» деген сөздермен толықтырылсын.

3. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 977-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған, туындыларды қоспағанда, туындыға белгісіз адамдар тобының қол жеткізуіне жол ашу құқығы (халыққа жария ету құқығы).»;

2) 978-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен таратуына:

сатуына, айырбастауына, прокатқа (жалға) беруіне, өзге де операциялар, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде операциялар жасауына (тарату құқығы);»;

3) 991-баптың 4-тармағындағы «және өнеркәсіпте қолдануға» деген сөздер алып тасталсын;

4) 999-баптың 1-тармағының 5) тармақшасында «он» деген сөз «он бес» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 1 0 2 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңды тұлғаның ресми бланкілерде, баспа басылымдарында, жарнамада, маңдайша жазуларда, анықтамалықтарда, шоттарда, интернет-ресурстарда, тауарлар мен олардың қорабында және заңды тұлғаны даралауға қажетті өзге де жағдайларда фирмалық атауды (осы Кодекстің 38-бабы) пайдалануға айрықша құқығы бар.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Егер бір заңды тұлғаның фирмалық атауы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын басқа заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің нәтижесінде тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін болса, онда айрықша құқығы ерте пайда болған дараландыру құралы (фирмалық атау, тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы) басымдыққа ие болады. Осындай дараландыру құралының иеленушісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) құқықтық қорғау беруді жарамсыз деп тануды немесе фирмалық атауды пайдалануға тыйым салуды талап етуге құқылы.»;

6) 1024-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бір заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тауар таңбасы (қызмет көрсету таңбасы) басқа заңды тұлғаның фирмалық атауына ұқсас немесе онымен араласып кету дәрежесіне дейін бірдей және осындай ұқсастық пен бірдейліктің нәтижесінде тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін болса, онда осы Кодекстің 1020-бабының 4-тармағында көзделген ережелер қолданылады.»;

7) 1028-баптың бірінші бөлігіндегі «бес» деген сөз «үш» деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22,

86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; №24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар, № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнындағы 129-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «129-бап. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу»;

2) 129-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«129-бап. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу

1. Интернет желісінде пайдалануды қоспағанда, авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты өткізу мақсатында авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын сатып алу, сақтау, тасымалдау немесе дайындау, авторлықты иеленіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, –

авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, –

авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Адамдардың шектелмеген тобының қол жеткізуіне мүмкіндік беру мақсатында авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін интернет желісінде орналастыру арқылы заңсыз пайдалану, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, – ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Электрондық форматтағы туындылардың және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналарын айырбастауға, сақтауға, тасымалдауға одан әрі қол жеткізу үшін интернет-ресурстарды ұйымдастыру, құру арқылы авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, –

авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға бір жүзден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, –

авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің даналары, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаудың қаруы болған заттар тәркіленіп, жеке

тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) 3 4 4 - б а п т а :

екінші бөліктің бірінші абзацы «, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацы «, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса,» деген сөздермен толықтырылсын.

5. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 234-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат):

1) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Қоғамдық бірлестікті құру

Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде он адамнан тұратын тобының бастамасы бойынша құрылады.

Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асырылады.

Саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, құрылтай съезін (конференция, жиналыс) шақыратын, онда жарғы қабылданатын және басшы органдар қалыптастырылатын жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары болып табылады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.

Қоғамдық бірлестіктердің заңды тұлға ретіндегі құқықтық қабілеттілігі ол Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіп бойынша тіркелген кезден бастап пайда болады.»;

2) 11-баптың бірінші бөлігі «Қазақстан Республикасының азаматтары» деген сөздерден кейін «және (немесе) саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер,» деген сөздермен толықтырылсын.

6. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат):

1) 2 - б а п т а :

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектісінің контрафактілік

данасы – жасалуы, таратылуы немесе өзгедей пайдаланылуы осы Заңның ережелеріне не Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына орай авторлық құқықтың және (немесе) сабақтас құқықтардың бұзылуына әкеп соғатын туындының, жазылған орындаушылықтың, фонограмманың, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдары хабарының данасы. Құқық иеленушінің рұқсатынсыз құқықтарды басқару туралы ақпараты жойылған немесе өзгертілген не авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудың техникалық құралдарын айналып өтуге мүмкіндік беретін заңсыз пайдаланылатын құрылғылардың көмегімен жасалған авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері де контрафактілік болып танылады;

5) авторлық шарт – нысанасы бір немесе бірнеше авторлық құқық объектілерін пайдалануға мүлкітік құқықтарды беру болып табылатын шарт. Авторлық шарт лицензиялық шарттың бір түрі болып табылады;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) және 14-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) ақпараттық-коммуникациялық желі – ақпараттық жүйелер арасындағы немесе олардың құрамдастары арасындағы өзара іс-қимылды, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды беруді қамтамасыз ететін техникалық және аппараттық-бағдарламалық құралдардың жиынтығы;»;

«14-1) интернет-ресурс – ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде жұмыс істейтін электрондық ақпараттық ресурс, оны жүргізу және (немесе) пайдалану технологиясы, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылым;»;

19), 31) және 37) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«19) қайта шығару – туындылардың немесе сабақтас құқықтар объектілерінің бір немесе одан да көп тұрақты немесе уақытша даналарын кез келген әдіспен және кез келген нысанда, толық немесе ішінара, тікелей немесе жанама түрде дайындау. Қайта шығару түрлері дыбыс- немесе бейнежазбаны дайындау, екі өлшемдік немесе үш өлшемдік туындының бір немесе одан да көп даналарын дайындау, сондай-ақ туындыларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін кез келген материалдық нысанда, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде кез келген тұрақты немесе уақытша сақтау болып табылады;»;

«31) туындының данасы – туындының кез келген материалдық нысанда, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде дайындалған көшірмесі;»;

«37) фонограмманың данасы – фонограммадан тікелей немесе жанама түрде дайындалған және осы фонограммада жазылған барлық дыбыстарды немесе дыбыстардың бір бөлігін қамтитын кез келген материалдық жеткізгіштегі, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желілердегі фонограмма көшірмесі;»;

2) 9 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес»

деген сөздер «осы Заңда белгіленген тәртіппен» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақ алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу

1. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі – мемлекеттік тіркеу) уәкілетті орган автордың (авторлардың) немесе құқық иеленушінің өтінішін алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Мемлекеттік тіркеу автордың (авторлардың) өтініші негізінде немесе құқық иеленушінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркеуге берілетін өтініштің нысандарын уәкілетті орган бекітеді.

2. Мемлекеттік тіркеуге берілетін өтініште автордың (авторлардың) деректері, өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты толығымен, тұратын жері, байланыс телефондары, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетіледі.

Егер өтінішті құқық иеленуші берсе, онда оның заңды мекенжайы көрсетіледі.

Егер туынды төл туындыдан жасалса, пайдаланылған туынды авторының (авторларының) тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет.

3. Әдеби, ғылыми, драмалық, сценарийлік туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде мынадай құжаттар:

1) өтініш;

2) туындының бір данасы;

3) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы ұсынылады.

4. Мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындыларға және музыкалық-драмалық туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде мынадай құжаттар:

1) өтініш;

2) туындының жазбасы бар жеткізгіш, мәтін, партитура немесе клавира түріндегі ноталар;

3) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы ұсынылады.

Бөлек тең авторлықпен шығарылған музыкалық туындыларға құқықтар тең авторлық құқықтары сақталған жағдайда бөлек те, бірлескен түрде де тіркелуі мүмкін.

5. Хореография, пантомима туындыларына, дыбыстау-бейнелеу туындыларына құқықтарды тіркеу кезінде мынадай құжаттар:

1) өтініш;

2) туындының жазбасы бар жеткізгіш;

3) туындының сипаттамасы;

4) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы ұсынылады.

6. Сәулет, қала құрылысы, бақша-парк өнері туындыларына құқықтарды тіркеу кезінде мынадай құжаттар:

1) өтініш;

2) эскиздер, сызбалар, суреттер;

3) туындының толық сипаттамасы;

4) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы ұсынылады.

7. Сурет өнері, мүсін, графика, бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларына құқықтарды тіркеу кезінде мынадай құжаттар:

1) өтініш;

2) туындының бір данасы немесе туындының фотосурет түріндегі бейнеленуі;

3) туындының толық сипаттамасы;

4) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы ұсынылады.

8. Фотосурет туындыларына және фотосурет сияқты тәсілдермен алынған туындыларға, сондай-ақ географияға, топографияға және басқа да ғылымдарға жататын карталарға, жоспарларға, эскиздерге, иллюстрацияларға және үш өлшемдік туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде мынадай құжаттар:

1) өтініш;

2) туындының бір данасы;

3) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы ұсынылады.

9. ЭЕМ-ге немесе дерекқорларға арналған бағдарламаларға құқықтарды тіркеу кезінде мынадай құжаттар:

1) өтініш;

2) ЭЕМ-ге немесе дерекқорларға арналған бағдарламасы және бастапқы коды (бастапқы мәтіні) бар жеткізгіш (дискета немесе басқа да электрондық жеткізгіштер);

3) ЭЕМ-ге немесе дерекқорларға арналған бағдарламаның атауын, өтініш берушінің атауын (тегін, атын, әкесінің атын), жасалған күнін, қолдану саласын, мақсатын, функционалдық мүмкіндіктерін, негізгі техникалық сипаттамаларын, бағдарламалау тілін, іске асырушы ЭЕМ-нің типін қамтитын ЭЕМ-ге немесе дерекқорларға арналған бағдарламаның рефераты;

- 4) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы
ұ с ы н ы л а д ы .

Құрамында ЭЕМ-ге арналған бірнеше бағдарламалар болатын ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар (бағдарламалық кешендер) тұтастай тіркеуге жатады.

10. Бір жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларын (көрсетілетін қызметтерін) басқа жеке немесе заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан (көрсетілетін қызметтерінен) айыруға қызмет ететін (арналған) туындылар авторлық құқық объектілері ретінде тіркелмейді.

11. Жұмыс берушінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен шығарылған қызметтік туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде тіркеу үшін ұсынылатын құжаттардан басқа, еңбек шартының көшірмесін, автор мен жұмыс берушінің арасында қызметтік туындыны пайдалануға мүлкітік құқықтардың тиесілігі туралы қосымша шарт жасалған жағдайда, осындай шарттың көшірмесін, сондай-ақ, егер жұмыс беруші ұйым болса, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін ұсыну қажет.

Егер туындыға құқықтардың құқық иеленушісі заңды тұлға болса, тіркеу үшін ұсынылатын құжаттардан басқа, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін ұсыну қажет.

12. Құрамдас немесе төл туындыдан жасалған туындыларға құқықтарды тіркеу кезінде төл туындының авторымен (авторларымен) немесе құқық иеленушісімен жасалған авторлық шарттың көшірмесі ұсынылады.

13. Автор (авторлар) немесе құқық иеленуші тіркеуге ұсынылатын материалдарды нөмірлеуге, тігуге және оларға қол қоюға тиіс.

14. Ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларды ресімдеудің дұрыстығын тексеру он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда уәкілетті орган көрсетілген мерзімдерде, ұсынылған материалдарды қайтара отырып, жазбаша, толық дәйектелген түрде қараудан бас тартуды береді.

Автор (авторлар) немесе құқық иеленуші уәкілетті органның ескертпелерін жойғаннан кейін мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен қайта жүгінуге құқылы.

15. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру үшін уәкілетті органға ұсынылатын туындылар олардың жеткізгіштерде объективті нысанда болуын тексеру үшін қарап көруге жатады.

16. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеудің расталуы болып табылады. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

17. Автордың (авторлардың) немесе құқық иеленушінің өтініші бойынша уәкілетті

орган мемлекеттік тіркеу туралы куәлік жоғалған немесе бүлінген жағдайда он жұмыс күні ішінде оның телнұсқасын береді.

18. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ оларды қайта тіркеу, авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтардың тіркелуін куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады.»;

4) 15-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған туындыларды қоспағанда, туындыға белгісіз адамдар тобының қол жеткізуіне жол ашу құқығы (халыққа жария ету құқығы).»;

5) 16-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен таратуына: сатуына, айырбастауына, прокатқа (жалға) беруіне, өзге де операциялар, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде операциялар жасауына (тарату құқығы).»;

6) 16-1 және 40-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1-бап. Авторлық сыйақының ең төмен ставкалары

Туындының сипатына немесе оны пайдалану ерекшеліктеріне (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және телевизияда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге, туындыны автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығаруға және басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі авторлық сыйақының ең төмен ставкаларын белгілейді.»;

«40-2-бап. Орындаушыларға және фонограмма шығарушыларға берілетін сыйақының ең төмен ставкалары

Орындауларды немесе фонограммаларды пайдалану сипатына (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және теледидарда орындауға, туындыны механикалық магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге, автордың және фонограмма шығарушының келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығаруға және басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі орындаушылар мен фонограмма шығарушыларға сыйақының ең төмен ставкаларын белгілейді.»;

7) 43-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 7) тармақшасындағы «басқару салаларында құрылуы мүмкін.» деген сөздер «басқару;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымының көпшілік алдында орындау үшін,

сондай-ақ жалпы жұрттың назарына кәбіл бойынша хабарлау немесе коммерциялық мақсаттарда жарияланған өз хабарларын эфирде беру үшін сыйақы алу құқықтарын жүзеге асыру салаларында құрылуы мүмкін.»;

8) 46-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «ұдайы» деген сөз «қазақстандық авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілерге – тоқсанына кемінде бір рет және осындай құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдарға жылына кемінде бір рет» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 46-2-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Аккредиттеу жөніндегі комиссия отырысының қорытындылары бойынша уәкілетті орган отырыс аяқталған күннен кейін бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде аккредиттеу туралы шешім қабылдайды және өтініш берушіге бес жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлік береді.

Аккредиттеу туралы қорытынды шығарған кезде аккредиттеу жөніндегі комиссия мыналарды :

1) заңды тұлға ретінде тіркелген кезден бастап осы салада қызметін кемінде бір жыл жүзеге асырғанын ;

2) жиналған сыйақыны кемінде үш рет бөлу және төлеу жөніндегі жұмыс тәжірибесінің болуын ;

3) авторлардың және пайдаланушылардың ұйым қызметі туралы оң пікірлерінің болуын ;

4) басқа мемлекеттердің құқық иеленушілердің мүліктік құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі осындай ұйымдарымен өзара мүдделілік білдіру туралы қолданыстағы шарттардың болуын назарға алуға тиіс.

Уәкілетті орган :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттар ұсынылмаған;

2) ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтер толық болмаған жағдайларда аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.»;

10) 47 - бапта :

1 - тармақта :

«Авторлардың» деген сөзден кейін «, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың немесе өзге де авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушілердің» деген сөздермен толықтырылсын;

«өз қызметіне бақылау жасайтын» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті орган ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын ұйымдардан ұйым қызметінің осы Заңға, Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасына немесе өзге де заңнамаға, сондай-ақ мұндай ұйымның жарғысына сәйкестігін тексеру үшін қажетті қосымша ақпаратты талап етуге құқылы.»;

11) 47-1-баптың 3) тармақшасындағы «ұсынылған жағдайда қайтарып алуы мүмкін.» деген сөздер «ұсынылған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4), 5), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«4) коммерциялық қызметті жүзеге асырған;

5) осы Заңның 46-бабында көзделген міндеттерді орындамаған;

6) авторлық сыйақыны уақтылы төлемеген;

7) жиналған авторлық сыйақыны аудару үшін авторларды, орындаушыларды және фонограмма шығарушыны іздеу жөнінде шаралар қолданбаған жағдайда қайтарып алуы мүмкін.»;

12) 48-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңда көзделген авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылық туындайды.»;

13) 49-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) құқық бұзушы авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу салдарынан тапқан табысты өндіріп алу;»;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген шаралар құқық иеленушінің таңдауы бойынша қолданылады.».

7. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат, № 11, 102-құжат):

1) 3-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) селекциялық жетістікке патентті өзгеге беру шартын немесе патентті алуға құқықты тіркеу туралы өтініш нысанын бекіту;

2-2) селекциялық жетістікті пайдалануға лицензиялық шартты немесе қосалқы лицензиялық шартты тіркеу туралы өтініш нысанын бекіту;»;

2) 3-2-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) селекциялық жетістікке патентті өзгеге беру немесе патентті алуға құқық шарттарына, сондай-ақ лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттарға сараптама жүргізу;»;

3) 5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.»;

4) 6-баптың 1-тармағының екінші бөлігі «мемлекеттік комиссиялар» деген сөздерден кейін «сараптама жасау ұйымынан өтінім материалдары келіп түскен күннен бастап екі ай мерзімде» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 10-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Мемлекеттік комиссиялар сараптама жасау ұйымы өтінім материалдарын жіберген күннен бастап бір ай ішінде патент қабілеттілігіне сынақтар өткізудің нақты мерзімдері туралы сараптама жасау ұйымын хабардар етеді.»;

б) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Лицензиялық шарт

1. Патент иеленуші болып табылмайтын кез келген тұлға селекциялық жетістікті патент иеленушінің рұқсатымен ғана лицензиялық шарт негізінде пайдалануға құқылы.

2. Лицензиялық шартта лицензиатқа:

1) селекциялық жетістікті лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап пайдалану құқығы мен лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығын (жай, ерекше емес лицензия) ;

2) селекциялық жетістікті лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтап, бірақ лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығынсыз пайдалану құқығын (ерекше лицензия);

3) селекциялық жетістікті лицензиардың оны пайдалану мүмкіндігін сақтамай және лицензияны басқа тұлғаларға беру құқығынсыз пайдалану құқығын (толық лицензия) беру көздеуі мүмкін.

Егер лицензиялық шартта лицензияның түрі көрсетілмесе, ол жай, ерекше емес лицензия деп есептеледі.

3. Лицензиаттың басқа тұлғаға (қосалқы лицензиатқа) селекциялық жетістікті пайдалану құқығына ерекше емес лицензия беруі туралы шарт (қосалқы лицензиялық шарт) лицензиялық шартта көзделген жағдайларда ғана жасалуы мүмкін.

Егер лицензиялық шартта өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиаттың іс-әрекеті үшін лицензиар алдында лицензиат жауаптылықта болады.

4. Лицензиялық және қосалқы лицензиялық шарттар жазбаша нысанда жасалады және уәкілетті органда тіркелуге жатады. Жазбаша нысанның немесе тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Лицензиялық шарттарды тіркеу сараптама жасау ұйымы жүргізетін материалдарды сараптау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиялық шарттарды тіркеудің тәртібіне лицензиялық шарттарды тіркеу туралы ережелер қолданылады.

Лицензиялық шартты тіркеу үшін сараптама жасау ұйымына белгіленген нысандағы өтініш ұсынылады.

Өтінішке:

1) титулдық парақпен жабдықталған шарттың төрт дана түпнұсқасы қоса беріледі. Шарттың әрбір данасы тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалған қағаз пломбамен бекітіледі, мөр бедерлемесі мен екі тараптың немесе соған уәкілеттік берілген екі тарап тұлғаларының қолдары қойылады.

Материалдарды тіркеуге беру шартқа қол қойылған күннен бастап алты ай мерзімнен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Шарт түпнұсқаларының орнына шарттың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін;

2) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берілген жағдайда, сенімхат;

3) мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжат қоса беріледі.

Ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, лицензиардың (қосалқы лицензиардың) басқару органдарының, (құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысының) шарт жасасу және заңды тұлғаның атынан өтініш берген жағдайда, шартқа ұйым басшысының қолын қою өкілеттігін беру мәселесі жөніндегі шешімін ұсынады.

Өтініш пен басқа да қажетті құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ және орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Егер құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі.

Өтініш бір лицензиялық шартқа қатысты болуға тиіс.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе уәкілетті органға шарт материалдарын өз атынан беретін шетелдік заңды тұлғалар, шартты тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Уақытша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайларын көрсеткен жағдайда, шартты тіркеуге байланысты құқықтарды патенттік сенім білдірілген өкілдерсіз жүзеге асырады.

5. Өтініш беруші құжаттар тізбесін тіркеу үшін ұсынғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың болуы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінішке қоса берілетін шарт материалдарында сараптама жүргізуге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге төлем шоты беріледі. Бұл жағдайда көрсетілген мерзімдер сараптама жасау ұйымына төлемнің келіп түскен күнінен бастап есептеледі.

Лицензиялық шарттың қарауға қабылданған материалдары бойынша жиырма күн мерзімде мәні бойынша сараптама жүргізіледі, оның барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лицензиялық шарт материалдарын зерделеу жүргізіледі.

6. Жоюға болатын, лицензиялық шартты тіркеуге кедергі жасайтын негіздер:

1) патенттің күшінде қалуы үшін төлемнің жүргізілмеуі;

2) шартта Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Қазақстан

Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің
б о л у ы .

7. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 6-тармағында көрсетілген, шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ жоюға болатын негіздер болған жағдайда сараптама жасау ұйымы өтініш берушіге ол жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсынысы бар сауалды жібереді. Бұл жағдайда осы баптың 5-тармағында көрсетілген сараптаманы жүргізу мерзімдері жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап есептеледі.

8. Мынадай негіздер болған :

1) соған қатысты шарт жасалатын селекциялық жетістікке патенттің қолданылуы
т о қ т а т ы л ғ а н ;

2) сараптама жасау ұйымының сауалына үш ай ішінде уақтылы жауап
қ а й т а р ы л м а ғ а н ;

3) сараптама жасау ұйымының сауалына жауапта барлық қажетті мәліметтер мен
қ ұ ж а т т а р б о л м а ғ а н ;

4) лицензиялық шартта лицензиаттың қосалқы лицензиялық шарт жасасу туралы
өкілеттігі болмаған және уәкілетті органда тіркелген лицензиялық шарт болмаған
жағдайда, сараптама жасау ұйымы лицензиялық шартты тіркеуден бас тарту туралы
қ о р ы т ы н д ы ш ы ғ а р а д ы .

Сараптама жасау ұйымы қорытынды шығарғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде бас
тарту себептерін көрсете отырып, осы қорытындыны уәкілетті органға жібереді.

9. Сараптама нәтижесі оң болған жағдайда сараптама жасау ұйымы бес жұмыс күні
ішінде уәкілетті органға лицензиялық шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздердің
ж о қ т ы ғ ы т у р а л ы қ о р ы т ы н д ы н ы ж і б е р е д і .

Лицензиялық шартты тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешімді
уәкілетті орган сараптама жасау ұйымының қорытындысы келіп түскен кезден бастап
б е с ж ұ м ы с к ү н і і ш і н д е қ а б ы л д а й д ы .

10. Лицензиялық шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін уәкілетті
о р ғ а н :

1) соған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісінің қорғау
қ ұ ж а т ы н а қ о с ы м ш а н ы р е с і м д е й д і ;

2) шарттың титулдық парағына тіркеу күнін, тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның
тіркелгені т у р а л ы м ө р т а б а н с о ғ а д ы ;

3) тіркелген шарттардың тізіліміне шарт туралы мәліметтерді енгізеді;

4) өтініште хат-хабар алмасу үшін көрсетілген мекенжай бойынша шарттың
тіркелген екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны жібереді;

5) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін шарттың бақылау данасын
қ о р ы т ы н д ы м е н б і р г е с а р а п т а м а ж а с а у ұ й ы м ы н а ж і б е р е д і .

Шарттың үшінші және төртінші даналары тиісті уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымында сақталады және бақылау даналары болып табылады.

Сараптама жасау ұйымы тіркелген шарттар бойынша бюллетеньде тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркелген нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық мәліметтерін, шарттың нысанасын, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын жариялайды.

Тіркелген лицензиялық шартқа, қосалқы лицензиялық шартқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы өтініш уәкілетті органға беріледі, бұл ретте лицензиялық шарттарды тіркеу туралы ережелер қолданылады.

Кез келген тұлға тіркелген лицензиялық шарттар, қосалқы лицензиялық шарттар тізілімінен тіркелген шарттар туралы мәліметке қатысты үзінді көшірмені ашық ж а р и я л а у ү ш і н а л у ы м ү м к і н .

Үшінші тұлғаны лицензиялық шарт мәтінімен таныстыруға, сондай-ақ одан үзінді көшірме алуға шарт тараптарының жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Уәкілетті орган сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде лицензиялық шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған шарт бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген м е к е н ж а й б о й ы н ш а қ а й т а р ы л а д ы .

11. Лицензиялық шарт пен қосалқы лицензиялық шарт уәкілетті органда тіркелген күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

12. Елдегі төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің селекциялық жетістікті патент иеленушінің келісімінсіз, бірақ оны дереу хабардар етіп және оған мөлшерлес өтемақысын төлей отырып пайдалануға рұқсат етуге құқығы бар. Өтемақының мөлшері туралы дауларды сот шешеді.»;

7) 5-тарау мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

«20-1-бап. Селекциялық жетістікке патентті немесе патент алу құқығын өзгеге беру

1. Селекциялық жетістікке патентті немесе патент алу құқығын өзгеге беру тек қана өзгеге б е р у ш а р т ы м е н р е с і м д е л е д і .

Өзгеге беру шарты оған қатысты шарт жасалатын селекциялық жетістікке ерекше құқықтың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта жасалуы мүмкін.

Өзгеге беру шарты жазбаша нысанда жасалады және уәкілетті органда міндетті тү р д е т і р к е л у г е ж а т а д ы .

Өзгеге беру шартын тіркеу сараптама жасау ұйымы жүргізетін оның материалдарын сараптау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

2. Өзгеге беру шартын тіркеу үшін сараптама жасау ұйымына белгіленген н ы с а н д а ғ ы ө т і н і ш ұ с ы н ы л а д ы .

Ө т і н і ш к е :

1) нысанасы біртектес өнеркәсіптік меншік объектілері болып табылатын, титулдық

парақпен жабдықталған, өзгеге беру шартының төрт дана түпнұсқасы қоса беріледі. Шарттың әрбір данасы тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалған қағаз пломбамен бекітіледі, мөр бедерлемесі мен екі тараптың немесе соған уәкілеттік берілген екі тарап тұлғаларының қолдары қойылады.

Өзгеге беру шарты түпнұсқаларының орнына шарттың нотариат куәландырған көшірмелері немесе құқықты беру фактісін көрсететін, нотариат куәландырған шарттан үзінді көшірмелер ұсынылуы мүмкін;

2) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда, сенімхат;

3) мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

Ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, қорғау құжаты немесе ерекше құқық иесінің басқару органдарының, құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысының шарт жасасу және шартқа ұйым басшысының қолын қою өкілеттігін беру мәселесі жөніндегі шешімін ұсынады.

Өтініш және басқа да қажетті құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ және орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Егер құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі.

Өтініш өзгеге берудің бір шартына қатысты болуға тиіс.

3. Селекциялық жетістіктерге патентті немесе патент алу құқығын өзгеге беру шартын тіркеген кезде осы Заңның 18-бабының 5-10-тармақтарында көзделген ережелер қолданылады.

Өзгеге беру шарты уәкілетті органда тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.»;

8) 21-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.»;

9) мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен толықтырылсын:
«6-1-тарау. Апелляциялық кеңес және патенттік сенім білдірілген өкілдер

22-1-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес осы Заңның 8-бабының 5-тармағына, 10-бабының 5-тармағына, 21-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) уәкілетті органның селекциялық жетістікке патент беруге өтінімді одан әрі караудан бас тарту туралы шешімдеріне;

2) селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы;

3) селекциялық жетістікке патент беруге қарсы қарсылықтар берілуі мүмкін.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қарсылықты өтініш беруші

немесе оның құқықтық мұрагері тікелей өзі не өкіл арқылы бере алады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген қарсылықты кез келген мүдделі тұлға тікелей не өкіл арқылы бере алады.

Қарсылық қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға тікелей беріледі немесе пошта арқылы жіберіледі. Қарсылыққа қоса берілетін материалдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Егер қоса берілетін материалдар басқа тілде ұсынылса, онда қарсылыққа олардың қазақ және орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасы қ о с а б е р і л е д і .

Егер қарсылық факсимильдік байланыс немесе электрондық пошта арқылы берілсе, ол осындай қарсылықты алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасымен расталуға тиіс.

Қарсылық осы Заңда көрсетілген мерзімдер ішінде беріледі.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтініш беруші өткізіп алған мерзімі, дәлелді себептер болған жағдайда және өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжаты болған кезде қалпына келтірілуі мүмкін. Өтініш беруші мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті мерзімі өтіп кеткен күннен бастап он екі айдан кешіктірмей беруі мүмкін. Мұндай өтініш апелляциялық кеңеске берілетін қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

3. Қарсылықты патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берген жағдайда, сенімхат қазақ және орыс тілдерінде беріледі, егер сенімхат басқа тілде (шетел тілінде) берілсе, онда ол қазақ және орыс тілдеріне аударылуға тиіс, сенімхаттың аудармасы нотариаттық түрде куәландырылады. Қарсылықтың материалдарына нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі немесе ол нотариат куәландырғанын растау үшін апелляциялық кеңестің хатшысына көшірмесімен бірге ұ с ы н ы л а д ы .

4. Берілген қарсылық апелляциялық кеңес алқасының отырысында осы Заңда белгіленген мерзім ішінде қаралуға тиіс. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылықты берген тұлғаның өтініші бойынша ұзартылуы, сондай-ақ патент иеленуші ұзартуы мүмкін, бірақ бұл ұзарту қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім аяқталатын күннен бастап алты айдан аспауға тиіс.

5. Қарсылық берген тұлға, патент иеленуші апелляциялық кеңес шешіміне осындай шешімді алған күннен бастап алты ай ішінде сотқа шағым жасауы мүмкін.

22-2-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңесте қараудан бас тарту негіздері

1 . Е г е р :

- 1) қарсылық апелляциялық кеңесте қаралуға жатпаса;
- 2) қарсылыққа қол қойылмаса не оған қол қоюға өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса;
- 3) қарсылық белгіленген мерзімді бұза отырып берілсе және аталған мерзімді ұзарту мен қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ болса;

4) өтініш беруші қарсылықты беруді рәсімдеуге, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарға қатысты кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоймаса, қарсылықты қарауға қабылдаудан бас тартылады.

Көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда, қарсылық берген тұлғаға алынған қарсылықты қарауға қабылдауға болмайтыны және ол берілген жоқ деп есептелетіні туралы хабарлама жіберіледі.

Қарсылық берген тұлға немесе оның өкілі берілген қарсылықты апелляциялық кеңес алқасы шешімді жарияланғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

22-3-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңес алқасының отырысында қарау

1. Қарсылықты қарау құрамында кемінде бес мүшесі бар апелляциялық кеңес алқасының отырысында жүзеге асырылады. Дауды қарау басталғанға дейін апелляциялық кеңес алқасының дербес құрамының құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Апелляциялық кеңес алқасының отырысына қорытынды ұсыну үшін ғылыми ұйымдардың өкілдері мен тиісті бейіндегі мамандар шақырылуы мүмкін.

2. Апелляциялық кеңес алқасы отырысты өткізу мерзімдерін мынадай жағдайларда:

1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен, қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмаса;

2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) тараптардың ұсынуы қажет болғанда;

3) тараптардың өтініші бойынша кейінге қалдыруға құқылы.

3. Қарсылықты қарауға қатысушы тұлғалардың:

1) іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірме жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс беруге және оны алуға;

2) дәлелдемелер ұсынуға;

3) дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

4) апелляциялық процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға;

5) өтініштер мәлімдеуге;

б) апелляциялық кеңес алқасының мүшелеріне ауызша және жазбаша түсініктер беруге;

7) қарсылықты қарау барысында туындаған барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынуға;

8) іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштеріне, дәлелдері мен пайымдауларына қарсылық білдіруге құқығы бар.

4. Дау мәні бойынша шешілген жағдайда апелляциялық кеңес алқасы шешім шығарды.

Шешім апелляциялық кеңес алқасы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық кеңес алқасының

отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша мынадай:

- 1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;
- 2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;
- 3) қарсылықты қарау мерзімдерін кейінге қалдыру туралы;
- 4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

5. Апелляциялық кеңес алқасы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде апелляциялық кеңестің шешімін әзірлейді және тараптарға жібереді. Апелляциялық кеңестің шешімі жазбаша нысанда баяндалады және ол кіріспелік, сипаттамалық, дәлелдемелік және қарарлық бөліктерден тұруға тиіс.

Апелляциялық кеңестің шешіміне апелляциялық кеңес алқасының барлық мүшелері қол қояды.

22-4-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға қ ұ қ ы л ы .

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу үшін уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымының қызметкерлері арасынан аттестаттау комиссиясын құрады. Бұл ретте, аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ең аз саны кемінде бес қызметкерден тұрады.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттауды сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардан өтініштердің келіп түсуіне қарай жылына кемінде бір рет өткізеді.

Аттестаттау комиссиясы аттестаттау нәтижелері бойынша кандидатты аттестаттау не аттестаттаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Аттестаттау комиссиясы шешімінің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Аттестаттау комиссиясы шешім шығарған кезден бастап үш ай ішінде мұндай шешімге сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті о р г а н б е л г і л е й д і .

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және куәлік беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін м е м л е к е т т і к б а ж а л ы н а д ы .

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;

2) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар;

3) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

4) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді.

3. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын адамдарға, оның ішінде уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне жатқызу кезеңіне;

3) осы Заңның 22-6-бабы 1-тармағының 2) және 6) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін тоқтата тұруға себеп болған негіздер жойылған жағдайда, оның қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта жалғастырылады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қызметтік және коммерциялық құпияға қойылатын талаптарды сақтаған кезде құпиялы болып танылады.

22-5-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтары мен міндеттері

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның), өзімен еңбек шартын жасасқан жұмыс берушінің немесе өзімен немесе өзінің жұмыс берушісімен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тұлғаның мүддесінде мынадай қызмет түрлерін:

1) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік құқықтарын иелену немесе беру мәселелері бойынша консультация беру;

2) тапсырыс берушінің, сенім білдірушінің, жұмыс берушінің атынан және тапсырмасы бойынша селекциялық жетістіктерге өтінімдерді ресімдеу және жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

3) селекциялық жетістіктерге құқықтарды қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және (немесе) сараптама жасау ұйымымен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде

хат-хабар алмасуды жүргізу, сараптама шешімдеріне қарсылықтарды дайындау және жолдау, сараптама жасау ұйымы жанындағы сараптама кеңесінің отырыстарына қатысу ;

4) лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және (немесе) өзгеге беру шарттарын жасасуға, қарауға және кейіннен оларды сараптамаға жіберуге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.

3. Патенттік сенім білдірілген өкіл селекциялық жетістіктерге өтінімдер беруге және (немесе) қорғау құжаттарын алуға, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беруге байланысты істерді жүргізуге арналған сенімхаттың көшірмесін ұсынған жағдайда, көрсетілген өтінім немесе қарсылық берілген кезден бастап үш ай ішінде патенттік сенім білдірілген өкіл сенімхаттың түпнұсқасын тиісінше сараптама жасау ұйымына және уәкілетті органға ұсынуға міндетті. Түпнұсқалылығы расталғаннан кейін сенімхаттың түпнұсқасы қайтарылуға жатады.

Егер сенімхат шетел тілінде жасалса, онда міндетті түрде оның нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.

4. Егер патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша мүдделері іс жүргізу туралы өтініш жасаған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғалардың атынан өкілдік етсе немесе оларға консультация берсе немесе оны қарауға өзгеше қатысса, сондай-ақ, егер істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілдің жақын туысы, жұбайы (зайыбы) және оның жақын туысы болып табылатын лауазымды адам қатысса, ол тапсырманы қабылдамауға міндетті.

22-6-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін қайтарып алу және оның күшін жою

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл аттестаттау комиссиясының шешімімен:

1) өзінің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;

3) патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда ;

4) патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде ;

5) патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе ол хабар-ошарсыз кеткен деп танылған не қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;

6) патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылады .

2. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тізілімнен шығарылған жағдайда,

аттестаттау комиссиясының шешімімен куәліктің күші жойылады. Куәліктің күшін жою туралы мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі патенттік сенім білдірілген өкілдің өзінің немесе соған негізі бар үшінші тұлғалардың өтінішінің негізінде аттестаттау комиссиясының шешімімен қайтарып алынады.

Осы баптың 1-тармағы 1) және 2) тармақшаларының негіздері бойынша тізілімнен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл өзін тізілімнен шығаруға себеп болған негіздер тоқтатылып, тізілімнен шығару туралы шешім жарияланған күннен бастап үш жыл ішінде аттестаттау комиссиясына өтініш берген жағдайда, біліктілік емтиханын қайта тапсырмай-ақ, патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде қайта тіркелуі мүмкін. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған құжаттар бойынша осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздердің жойылу фактісін анықтайды.

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл, бұл туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылады, ал оны патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы куәлік қайтарып алынады не оның күші ж о й ы л а д ы .

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы Заңда белгіленген өз міндеттерін адал орындамаған жағдайда, уәкілетті орган құрамы уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрады.

Апелляциялық комиссия алқалы орган болып табылады және жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін білдіретін патенттік сенім білдірілген өкілдердің қолданыстағы заңнаманы бұза отырып жасаған іс-әрекеттеріне олардың ш а ғ ы м д а р ы н қ а р а й д ы .

Патенттік сенім білдірілген өкілдің іс-әрекеттеріне шағым берген тұлғалар және өздеріне қатысты осындай шағым берілген патенттік сенім білдірілген өкілдер апелляциялық комиссияның отырысына қатысуға құқылы.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің күшін жою туралы сотқа талап арыз жолдауға ұ с ы н ы м ж а с а й д ы н е м ы н а д а й :

1) дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты немесе объективті шешім қабылдауға ықпал ететін мән-жайлар анықталғанға дейін шағымның қаралуын кейінге қ а л д ы р у т у р а л ы ;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы м ү м к і н .

Апелляциялық комиссия туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.»;

10) 25-баптың бірінші бөлігі «жүргізгені» деген сөзден кейін «, селекциялық жетістіктерге патенттерді немесе оларды алуға құқықты өзгеге беру шарттарына, сондай-ақ лицензиялық шарттарға (қосалқы лицензиялық шарттарға) сараптама жүргізгені» деген сөздермен толықтырылсын.

8. «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» туралы 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат) :

1) 4-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) қорғау құжаттарын өзгеге беру және оларды алуға құқықты өзгеге беру шарттарына, сондай-ақ лицензиялық шарттарға (қосалқы лицензиялық шарттарға) сараптама жүргізу;»;

2) 5 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

бесінші бөліктегі «он» деген сөз «он бес» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Инновациялық патенттің және өнертабысқа патенттің, пайдалы модель мен өнеркәсіптік үлгіге патенттің қолданылу мерзімін ұзарту тәртібін уәкілетті орган б е л г і л е й д і . » ;

6-тармақтағы «тәртібі заңдармен реттеледі.» деген сөздер «тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6 - б а п т а :

1-тармақтың бесінші бөлігіндегі «басқа адамдардың берген өтінімдері» деген сөздер «берілген өтінімдер» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) қоғамдық тәртіпке, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы келетін ұсыныстар өнертабыстар деп танылмайды.»;

4) 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бұйымның сыртқы түрін айқындайтын көркемдік-конструкторлық шешім өнеркәсіптік үлгіге жатады. Егер өнеркәсіптік үлгі жаңа, бірегей болса, оған құқықтық қ о р ғ а у б е р і л е д і . » ;

2-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

5) 9-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Неғұрлым маңызды және кең пайдаланылатын өнертабыстардың авторлары «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» атағын беруге ұсынылуы мүмкін. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» атағын беру қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

б) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Патент иеленушінің айрықша құқығы мен міндеттері

1. Патент иеленушінің қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін өз қалауы бойынша пайдалануға айрықша құқығы болады.

Патент иеленуші қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға айрықша құқықты қорғау құжатын беру туралы мәліметтер ресми бюллетеньде жарияланған күннен бастап осы қорғау құжатының қолданылу кезеңінде жүзеге асырады.

2. Қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісі бар өнімді дайындау, қолдану, жеткізу, сатуға ұсыну, сату, азаматтық айналымға өзге де енгізу немесе осы мақсатпен сақтау, сондай-ақ қорғау әдісін қолдану өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану болып танылады.

Егер өнімде оны пайдалану басталған күніне техниканың осы саласындағы белгілі формуланың тәуелсіз тармағында келтірілген өнертабыстардың, пайдалы модельдердің әрбір белгісі немесе соған барабар белгі болып, ол қорғалатын әдіс пайдаланылса, өнім қорғалатын өнертабысы немесе пайдалы моделі бар деп танылады, ал қорғалатын әдіс қолдануға болады деп табылады.

Тікелей осындай әдіспен дайындалған өнімді азаматтық айналымға енгізу не осы мақсатпен сақтау өнім алудың қорғалатын әдісін пайдалану деп танылады.

Егер өнімде бұйымның ұсынылған кескіндерінде (макетінде) көрсетілген және негізгі белгілерінің тізбесінде келтірілген барлық негізгі белгілері болса, ол қорғалатын өнеркәсіптік үлгісі бар деп танылады.

3. Патент иеленуші өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға міндетті.

Қорғау құжаты бірнеше адамға тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану жөніндегі өзара қатынастар олардың арасындағы келісіммен айқындалады. Ондай келісім болмаған жағдайда патент иеленушілердің әрқайсысы қорғалатын объектіні өз қалауынша пайдалана алады, бірақ өзге патент иеленушілердің келісімінсіз оған лицензия беруге немесе қорғау құжатын басқа адамға беруге құқығы жоқ.

Патент иеленуші қолданылатын өнеркәсіптік меншік объектісінің патенттелгенін көрсететін ескерту таңбаларын пайдалана алады.

4. Патент иеленуші өнеркәсіптік меншік объектісін пайдаланбаған және тиімді коммерциялық жағдайларда ол лицензиялық шарт жасасудан бас тартқан кезде, егер өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжатын беру туралы мәліметтер алғаш рет жарияланғаннан кейін өнеркәсіптік меншік объектісі осындай өтініш берілген күннің алдындағы кез келген төрт жыл ішінде үздіксіз пайдаланылмаса, кез келген адам өзіне мәжбүрлі ерекше емес лицензияны алып беру туралы сотқа жүгінуге құқылы. Егер патент иеленуші оны пайдаланбауы дәлелді себептерге байланысты болғанын дәлелдемесе, сот аталған лицензияны пайдалану шектерін, мерзімін, төлем мөлшері мен тәртібін белгілей отырып ұсынады. Төлем мөлшері қалыптасқан практикаға сәйкес

белгіленген лицензияның нарықтық бағасынан төмен болмауға тиіс.

Кез келген мәжбүрлі лицензия бірінші кезекте Қазақстан Республикасы ішкі нарығының мұқтажын қамтамасыз ету үшін берілуге тиіс.

Мәжбүрлі лицензия берілген адам көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын басқа адамға тек қана осы объект пайдаланылатын тиісті өндіріспен бірге беруі мүмкін.

Мәжбүрлі лицензияны беруге себеп болып табылатын мән-жайлардың қолданысы тоқтатылған жағдайда оның күші сот арқылы жойылуға жатады.

5. Тиімді коммерциялық жағдайларда лицензиялық шарт жасасудан бас тартқан өнеркәсіптік меншік объектісіне басқа қорғау құжатын иеленушінің құқықтарын бұзбай пайдалана алмайтын патент иеленушінің Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға мәжбүрлі ерекше емес лицензияны өзіне беру туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Егер өнеркәсіптік меншік объектісін басқа қорғау құжатын иеленушінің құқықтарын бұзбай пайдалана алмайтын патент иеленуші өзінің өнеркәсіптік меншік объектісі маңызды техникалық жетістікті білдіретінін және басқа қорғау құжатын иеленушінің өнеркәсіптік меншік объектісінің алдында айтарлықтай экономикалық маңызға ие екенін дәлелдесе, сот оған мәжбүрлі ерекше емес лицензия беру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Көрсетілген лицензияны беру кезінде қорғау құжаты басқа тұлғаға тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану шектерін, мерзімдерін, төлем мөлшері мен тәртібін сот айқындауға тиіс. Бұл ретте төлем мөлшері қалыптасқан практикаға сәйкес белгіленген лицензияның нарықтық бағасынан төмен болмауға тиіс.

Осы тармақтың негізінде алынған өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығы бұл құқық қорғау құжатына байланысты берілген өнеркәсіптік меншік объектісіне тек қана осы қорғау құжатын берумен бірге берілуі мүмкін.

Осы тармаққа сәйкес мәжбүрлі лицензия берілген жағдайда, көрсетілген лицензияның негізінде пайдалану құқығы берілген қорғау құжатына патент иеленушінің мәжбүрлі лицензия берілген тәуелді өнертабысты пайдалануға лицензия алуға да құқығы бар.

6. Патент иеленуші өзі алған қорғау құжатын кез келген жеке немесе заңды тұлғаларға бере алады. Өзгеге беру шарты уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуге жатады.

Қорғау құжатын өзгеге беру шарты мен оны алуға құқықты өзгеге беру шартын тіркеу сараптама жасау ұйымы жүргізетін материалдарды сараптау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қорғау құжатын алуға құқықты өзгеге беру шартын тіркеу тәртібіне өзгеге беру шартын тіркеу туралы ереже қолданылады.

Өзгеге беру шартын тіркеу үшін сараптама жасау ұйымына белгіленген нысандағы
ө т і н і ш ұ с ы н ы л а д ы .

Ө т і н і ш к е :

1) нысанасы біртектес өнеркәсіптік меншік объектілері болып табылатын, титулдық парақпен жабдықталған, өзгеге беру шартының төрт дана түпнұсқасы қоса беріледі. Шарттың әрбір данасы тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалған қағаз пломбамен бекітіледі, мөр бедерлемесі мен екі тараптың немесе соған уәкілеттік берілген екі тарап тұлғаларының не өтініш берушінің қолдары қ о й ы л а д ы .

Өзгеге беру шарты түпнұсқаларының орнына шарттың нотариат куәландырған көшірмелері ұ с ы н ы л у ы м ү м к і н ;

2) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда – с е н і м х а т ;

3) мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжат қоса беріледі.

Ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдарының, құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысының шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімін ұсынады.

Өтініш және басқа да қажетті құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ және орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Егер құжаттар басқа тілде ұсынылса, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы өтінішке қоса беріледі.

Өтініш бір өзгеге беру шартына қатысты болуға тиіс.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар уәкілетті органға шарт құжаттарын өз атынан берген жағдайда, шартты тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Уақытша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайын көрсеткен кезде шартты тіркеуге байланысты құқықты патенттік сенім білдірілген өкілсіз жүзеге асыра алады.

7. Өтініш беруші тіркеуге арналған құжаттар тізбесін ұсынғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың болуы және оларға белгіленген талаптардың сақталуы тексеріледі, қорғалатын құжатты өзгеге беру шартының өтінішке қоса берілетін материалдарында сараптама жүргізуге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге төлем есебі беріледі. Бұл жағдайда көрсетілген мерзім сараптама жасау ұйымына төлем келіп түскен күнінен бастап есептеледі.

Өзгеге беру шартының қарауға қабылданған материалдары бойынша жиырма күн мерзімде мәні бойынша сараптама жүргізіледі, оның барысында өзгеге беру шартының материалдарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес з е р д е л е у жү р г і з і л е д і .

8. Жоюға болатын, өзгеге беру шартын тіркеуге кедергі жасайтын негіздер:

1) қорғау құжатын күшінде қалдыру үшін төлемнің жүргізілмеуі;
2) өзгеге беру шартында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін е р е ж е л е р д і ң б о л у ы .

9. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 8-тармағында көрсетілген өзгеге беру шартын тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ жоюға болатын негіздер болған жағдайда сараптама жасау ұйымы сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды беру немесе қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныспен өтініш берушіге сауал жібереді. Бұл жағдайда осы баптың 7-тармағында көрсетілген мәні бойынша сараптама жүргізу мерзімі жетіспейтін немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.

10. Мынадай негіздер болған:

1) соған қатысты шарт жасалатын қорғау құжатының қолданысы тоқтатылған;
2) сараптама жасау ұйымының сауалына үш ай ішінде уақтылы жауап қ а й т а р ы л м а ғ а н ;
3) қайтарылған жауапта барлық қажетті мәліметтер мен құжаттар болмаған кезде сараптама жасау ұйымы өзгеге беру шартын тіркеуден бас тарту туралы қорытынды ш ы ғ а р а д ы .

Сараптама жасау ұйымы қорытынды шығарылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, осы қорытындыны уәкілетті органға жібереді.

11. Сараптама нәтижесі оң болған кезде сараптама жасау ұйымы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өзгеге беру шартын тіркеуге кедергі келтіретін негіздердің жоқтығы туралы қорытынды жібереді.

Өзгеге беру шартын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган сараптама жасау ұйымының қорытындысы түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

12. Шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін уәкілетті орган:

1) соған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжатының қосымшасын ресімдейді;
2) шарттың титулдық парағына тіркеу күнін және тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгені туралы мөртабан соғады;
3) шарт туралы мәліметтерді тіркелген шарттардың тізіліміне енгізеді;
4) өтініште хат-хабар алмасу үшін көрсетілген мекенжай бойынша шарттың тіркелген екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны жібереді;

5) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін шарттың бақылау данасын қорытындымен қоса сараптама жасау ұйымына жібереді.

Шарттың үшінші және төртінші даналары тиісті уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымында сақталады және бақылау даналары болып табылады.

Тіркелген шарттар бойынша сараптама жасау ұйымы тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркелген нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық мәліметтерін, шарттың мәнін, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын бюллетеньде жариялайды.

Кез келген тұлға тіркелген өзгеге беру шарттарының тізілімінен тіркелген өзгеге беру шарттары туралы мәліметтерге қатысты үзінді көшірмені ашық жариялау үшін а л у ы м ү м к і н .

Үшінші тұлғаларды өзгеге беру шартының мәтінімен таныстыруға, сондай-ақ одан үзінді көшірме алуға шарт тараптарының жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Уәкілетті орган сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде өзгеге беру шартын тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған шарт бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген м е к е н ж а й б о й ы н ш а қ а й т а р ы л а д ы .

13. Қорғау құжатын өзгеге беру шарты және оны алуға құқықты өзгеге беру шарты уәкілетті органда тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

14. Өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжаты және (немесе) оны алу құқығы мұрагерлік бойынша немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен беріледі.

15. Патент иеленуші қорғау құжатын күшінде ұстау үшін жыл сайын ақы төлеп тұруға міндетті.»;

7) 12-баптың 4) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) егер мұндай пайдаланудың мақсаты табыс алу болып табылмаса, мұндай құралдарды жеке, отбасылық, үйдегі немесе өзге де кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мұқтаждарды қанағаттандыру үшін қолдану;»;

«6) егер қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісі бар құралдарды Қазақстан Республикасының аумағына азаматтық айналымға тікелей патент иеленуші немесе патент иеленушінің рұқсатымен өзге тұлға бұрын енгізген болса, оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, қолдану, сатуға ұсыну, сату, өзге де азаматтық айналымға енгізу немесе осы мақсаттарда сақтау.»;

8) 1 4 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға арналған лицензиялық шарт пен қосалқы лицензиялық шарт жазбаша нысанда жасалады және ол уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуге жатады. Жазбаша нысанды немесе тіркеу туралы талапты сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Лицензиялық шартты тіркеу сараптама жасау ұйымы жүргізетін материалдарды

сараптау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиялық шартты тіркеу тәртібіне лицензиялық шартты тіркеу туралы ережелер қолданылады.» ;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Лицензиялық шартты тіркеу үшін сараптама жасау ұйымына белгіленген нысандағы өтініш ұсынылады.

Өтінішке :

1) титулдық парақпен жабдықталған шарттың төрт дана түпнұсқасы қоса беріледі. Шарттың әрбір данасы тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалған қағаз пломбамен бекітіледі, мөр бедерлемесі мен екі тараптың немесе соған уәкілеттік берілген екі тарап тұлғаларының қолдары қойылады.

Материалдарды тіркеуге беру шартқа қол қойылған күннен бастап алты ай мерзімнен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Шарт түпнұсқаларының орнына шарттың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін ;

2) өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берілген жағдайда – сенімхат ;

3) мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжат қоса беріледі.

Ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, лицензиардың (қосалқы лицензиардың) басқару органдарының шарт жасасу және заңды тұлғаның атынан өтініш берілген жағдайда кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі жөніндегі шешімін ұсынады.

Өтініш және басқа да қажетті құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ және орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Егер құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі.

Өтініш бір лицензиялық шартқа қатысты болуға тиіс.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе уәкілетті органға шарт материалдарын өз атынан беретін шетелдік заңды тұлғалар шартты тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Уақытша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайын көрсеткен жағдайда, шартты тіркеуге байланысты құқықтарды патенттік сенім білдірілген өкілсіз жүзеге асырады.

4-2. Лицензиялық шартты тіркеген кезде осы Заңның 11-бабының 7-12-тармақтарында көзделген ережелер қолданылады.

Лицензиялық шарт (қосалқы лицензиялық шарт) уәкілетті органда тіркелген

күнінен бастап күшіне енеді.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Елдегі төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің өнеркәсіптік меншік объектісін патент иеленушінің келісімінсіз, бірақ оны дереу хабардар етіп және оған мөлшерлес өтемақысын төлей отырып пайдалануға рұқсат етуге құқығы бар. Өтемақының мөлшері туралы дауларды сот шешеді.»;

9) 16-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.»;

10) 17-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өнертабысқа өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасы өнертабыстарының мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

11) 18-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Пайдалы модельге өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

12) 19-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Өнеркәсіп үлгісіне өтінімді жасау, ресімдеу және қарау, мәліметтерді Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, сондай-ақ қорғау құжатын беру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

13) 20-баптың 5-тармағындағы «уәкілетті орган қорғау құжатын беру туралы шешім қабылдаған күнге дейін» деген сөздер «Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік тізілімінде тіркелген күнге дейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 22-баптың 7-тармағының үшінші бөлігіндегі «сараптамаға ақы төлеу» деген сөз «сараптама» деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 22 - 1 - б а п т а :

8-тармақтың бірінші бөлігінде:

«сатысында» деген сөзден кейін «немесе патент иеленушінің инновациялық патент берілгеннен кейін» деген сөздермен толықтырылсын;

«өтінім беруші» деген сөздерден кейін «немесе патент иеленуші» деген сөздермен толықтырылсын;

16) 23-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптама жасау ұйымының қорытындысы он күн мерзімде патент беру туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті органға жіберіледі, бұл туралы (мұндай шешім қабылданған жағдайда) өтініш беруші хабардар етіледі.

Сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде уәкілетті орган он күн мерзімде пайдалы модельге патент беру не оны беруден бас тарту туралы шешім шығарады.

Уәкілетті органның патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама өтініш берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтініш беруші сараптама жасау ұйымына патент беруге және жариялауға дайындағаны үшін тиісті төлемді, сондай-ақ мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Олай болмаған жағдайда өтінім қайтарып алынған болып есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл туралы өтініш беруші хабардар етіледі.»;

1 7) 2 4 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

«1)» деген цифрдан кейін «, 2)» деген цифрмен толықтырылсын;

«бірінші бөлігінің» деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өтініш беруші сараптама жасау ұйымының теріс қорытындысына ол жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық беруге құқылы. Апелляциялық кеңес қарсылық түскен күнінен бастап екі ай мерзімде оны қарауға тиіс.»;

18) 26-баптың 1-тармағының екінші сөйлеміндегі «жариялауы мүмкін.» деген сөздер «жариялайды.» деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«32-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес осы Заңның 22-бабының 10-тармағына, 22-1-бабының 6-тармағына, 23-бабының 3-тармағына және 29-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі болып табылады. Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган б е к і т е д і .

2. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) өнертабысқа инновациялық патентті, өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патентті беруден бас тарту туралы уәкілетті органның шешімдеріне (сараптама жасау ұйымының қорытындысына);

2) өнертабысқа инновациялық патентті, өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге патентті беруге қарсы қарсылықтар берілуі мүмкін.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қарсылықты өтініш беруші немесе оның құқықтық мұрагері тікелей өзі не өкіл арқылы бере алады.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген қарсылықты кез келген мүдделі тұлға тікелей өзі не өкіл арқылы бере алады.

Қарсылық қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға тікелей беріледі немесе пошта арқылы жіберіледі. Қарсылыққа қоса берілетін материалдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Егер қоса берілетін материалдар басқа тілде ұсынылса, онда қарсылыққа олардың қазақ және орыс тілдеріндегі нотариаттық түрде куәландырылған

аудармасы қоса беріледі.

Егер қарсылық факсимильдік байланыс немесе электрондық пошта арқылы берілсе, ол осындай қарсылықты алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасымен расталуға тиіс.

Қарсылық осы Заңда көрсетілген мерзімдер ішінде беріледі.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтініш беруші өткізіп алған мерзімі дәлелді себептер болған жағдайда және өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжат ұсынылған жағдайда қалпына келтірілуі мүмкін. Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті өтініш беруші осы Заңда белгіленген мерзімдер ішінде беруі мүмкін. Мұндай өтініш апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

3. Қарсылықты патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда, сенімхат қазақ және орыс тілдерінде беріледі, егер сенімхат басқа тілде (шетел тілінде) берілсе, онда ол қазақ және орыс тілдеріне аударылуға тиіс, сенімхаттың аудармасы нотариаттық түрде куәландырылады. Қарсылық материалдарына нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі немесе ол нотариат куәландырғанын растау үшін апелляциялық кеңестің хатшысына көшірмесімен бірге ұсынылады.

4. Берілген қарсылық апелляциялық кеңес алқасының отырысында осы Заңда көрсетілген мерзім ішінде қаралуға тиіс. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылықты берген тұлғаның, сондай-ақ патент иеленушінің өтініші бойынша, бірақ қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап алты айдан асырмай ұзартылуы мүмкін.

5. Қарсылық берген тұлға, патент иеленуші апелляциялық кеңестің шешіміне осы шешім шығарылған күннен бастап алты ай ішінде сотқа шағым жасауға құқылы.»;

20) мынадай мазмұндағы 32-1 және 32-2-баптармен толықтырылсын:

«32-1-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңесте қараудан бас тарту негіздері

1. Егер:

1) қарсылық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес апелляциялық кеңесте қаралуға жатпаса;

2) қарсылыққа қол қойылмаса не оған қол қоюға өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса;

3) қарсылық белгіленген мерзімді бұза отырып берілсе және көрсетілген мерзімді ұзарту мен қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ болса;

4) өтініш беруші қарсылықты беруді рәсімдеуге, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарға қатысты кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоймаса, қарсылықты қарауға қабылдаудан бас тартылады.

Көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда, қарсылық берген тұлғаға алынған қарсылықты қарауға қабылдауға болмайтыны және ол берілген жоқ деп есептелетіні

туралы

хабарлама

жіберіледі.

Қарсылық берген тұлға немесе оның өкілі берілген қарсылықты апелляциялық кеңес алқасының шешімі жарияланғанға дейін қайтарып алуы мүмкін.

32-2-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңес алқасының отырысында қарау

1. Қарсылықты қарау құрамында кемінде бес мүшесі бар апелляциялық кеңес алқасында жүзеге асырылады. Дауды қарау басталған кезге дейін апелляциялық кеңес алқасының дербес құрамының құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Апелляциялық кеңес алқасының отырысына қорытынды ұсыну үшін ғылыми ұйымдардың өкілдері мен тиісті бейіндегі мамандар шақырылуы мүмкін.

2. Апелляциялық кеңес алқасы отырысты өткізу мерзімдерін мынадай жағдайларда:

1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен, қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмағанда;

2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) тараптардың ұсынуы қажет болғанда;

3) тараптардың өтініші бойынша кейінге қалдыруға құқылы.

3. Қарсылықты қарауға қатысушы тұлғалардың:

1) іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірме жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс беруге және оны алуға;

2) дәлелдемелер ұсынуға;

3) дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

4) апелляциялық процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға;

5) өтініш мәлімдеуге;

б) апелляциялық кеңес алқасының мүшелеріне ауызша және жазбаша түсініктер беруге;

7) қарсылықты қарау барысында туындаған барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынуға;

8) іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштеріне, дәлелдері мен пайымдауларына қарсылық білдіруге құқығы бар.

4. Дау мәні бойынша шешілген жағдайда апелляциялық кеңес алқасы шешім шығарады.

Шешім апелляциялық кеңес алқасы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық кеңес алқасының отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қарау мерзімін кейінге қалдыру туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

5. Апелляциялық кеңес алқасы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде апелляциялық кеңестің шешімін әзірлейді және тараптарға жібереді. Апелляциялық кеңестің шешімі жазбаша нысанда баяндалады және ол кіріспелік, сипаттамалық, дәлелдемелік және қарарлық бөліктерден тұруға тиіс.

Апелляциялық кеңестің шешіміне апелляциялық кеңес алқасының барлық мүшелері қол қояды.»;

21) 35-баптың екінші бөлігіндегі «жүргізуді» деген сөзден кейін «, қорғау құжаттарын өзгеге беру және оларды алуға құқықты өзгеге беру шарттарына, сондай-ақ лицензиялық шарттарға (қосалқы лицензиялық шарттарға) сараптама жүргізуді» деген сөздермен толықтырылсын;

22) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«36-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға қ ұ қ ы л ы .

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу үшін уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымының қызметкерлері арасынан аттестаттау комиссиясын құрады. Бұл ретте, аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ең аз саны кемінде бес қызметкерден тұрады.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттауды кандидаттардан өтініштердің келіп түсуіне қарай жылына кемінде бір рет өткізеді.

Аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы кандидатты аттестаттау не аттестаттаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Аттестаттау комиссиясы шешімінің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Аттестаттау комиссиясы шешім шығарған кезден бастап үш ай ішінде мұндай шешімге сот тәртібімен шағым жасауға болады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті о р г а н б е л г і л е й д і .

Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттаудан өткізу кандидаттардан және оларға куәлік беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін м е м л е к е т т і к б а ж а л ы н а д ы .

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;

2) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып

табылатын

адамдар;

3) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

4) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді.

3. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын адамдарға, оның ішінде уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне жатқызу кезеңіне;

3) осы Заңның 36-2-бабы 1-тармағының 2) және б) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін тоқтата тұруға себеп болған негіздер жойылған жағдайда, оның қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта жалғастырылады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің немесе патент иеленушінің өкілі ретінде зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және сараптама жасау ұйымымен іс жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырады. Уәкілетті органмен және сараптама жасау ұйымымен іс жүргізуді өтініш беруші және (немесе) патент иеленуші дербес жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы уәкілетті органда және оның ұйымдарында өтініш беруші, патент иеленуші ретіндегі өздерінің құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасу үшін мекенжайын көрсеткен кезде патенттік сенім білдірілген өкілсіз-ақ өтініш беруші, патент иеленуші ретіндегі өздерінің құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асыра алады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде құпиялы ақпаратқа немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияға қойылатын талаптарды сақтаған кезде құпиялы болып танылады.»;

23) мынадай мазмұндағы 36-1 және 36-2-баптармен толықтырылсын:

«36-1-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтары мен міндеттері

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның), өзімен еңбек шартын жасасқан жұмыс берушінің немесе өзімен немесе өзінің жұмыс берушісімен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тұлғаның мүддесінде мынадай қызмет түрлерін:

1) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік құқықтарын иелену немесе беру мәселелері бойынша консультация беру;

2) тапсырыс берушінің, сенім білдірушінің, жұмыс берушінің атынан және тапсырмасы бойынша өнертабыстарға, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдерді ресімдеу және жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

3) өнертабыстарға, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге құқықтарды қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және (немесе) сараптама жасау ұйымымен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде хат-хабар алмасуды жүргізу, сараптама шешімдеріне қарсылықтарды дайындау және жолдау, сараптама жасау ұйымы жанындағы сараптама кеңесінің отырыстарына қатысу;

4) лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және (немесе) өзгеге беру шарттарын жасасуға, қарауға және кейіннен оларды сараптамаға жіберуге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.

3. Патенттік сенім білдірілген өкіл өнертабысқа, пайдалы модельдерге және өнеркәсіптік үлгілерге өтінімдер беруге және (немесе) қорғау құжаттарын алуға, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беруге байланысты істерді жүргізуге арналған сенімхаттың көшірмесін ұсынған жағдайда, көрсетілген өтінім немесе қарсылық берілген кезден бастап үш ай ішінде патенттік сенім білдірілген өкіл тиісінше сараптама жасау ұйымына және уәкілетті органға сенімхаттың түпнұсқасын ұсынуға міндетті. Түпнұсқалылығы расталғаннан кейін сенімхат түпнұсқасы қайтарылуда жатады.

Егер сенімхат шетел тілінде жасалса, онда міндетті түрде оның нотариус куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.

4. Егер патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша мүдделері іс жүргізу туралы өтініш жасаған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғалардың атынан өкілдік етсе немесе оларға консультация берсе немесе оны қарауға өзгеше қатысса, сондай-ақ, егер істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілдің жақын туысы, жұбайы (зайыбы) және (немесе) оның жақын туысы болып табылатын лауазымды адам қатысса, ол тапсырманы қабылдамауға міндетті.

36-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін қайтарып алу және оның күшін жою

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл аттестаттау комиссиясының шешімімен:

- 1) өзінің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;
- 3) патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда;
- 4) патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде;
- 5) патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;
- 6) патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе оның әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тізілімнен шығарылған жағдайда, аттестаттау комиссиясының шешімімен куәліктің күші жойылады. Куәліктің күшін жою туралы мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі патенттік сенім білдірілген өкілдің өзінің немесе соған негізі бар үшінші тұлғалардың өтінішінің негізінде аттестаттау комиссиясының шешімімен қайтарып алынады.

Осы баптың 1-тармағы 1) және 2) тармақшаларының негіздері бойынша тізілімнен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл тізілімнен шығаруға себеп болған негіздер тоқтатылып, тізілімнен шығару туралы шешім жарияланған күннен бастап үш жыл ішінде аттестаттау комиссиясына өтініш берген жағдайда, біліктілік емтиханын қайта тапсырмай-ақ, патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде қайта тіркелуі мүмкін. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған құжаттар бойынша осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздердің жойылу фактісін анықтайды.

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл, бұл туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылады, ал оны патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы куәлік қайтарып алынады не оның күші жойылады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы Заңда белгіленген өз міндеттерін адал орындамаған жағдайда, уәкілетті орган құрамы уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрады.

Апелляциялық комиссия алқалы орган болып табылады және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың пікірінше, өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіретін патенттік сенім білдірілген өкілдердің қолданыстағы заңнаманы бұза отырып жасаған

іс-әрекеттеріне олардың шағымдарын қарайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің іс-әрекеттеріне шағым берген тұлғалар және өздеріне қатысты осындай шағымдар берілген патенттік сенім білдірілген өкілдер апелляциялық комиссияның отырысына қатысуға құқылы.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің күшін жою туралы сотқа талап арыз жолдауға ұсыным жасайды не мынадай:

1) дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты немесе объективті шешім қабылдауға ықпал ететін мән-жайлар анықталғанға дейін шағымның қаралуын кейінге қалдыру туралы;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Апелляциялық комиссия туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.»

9. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; №12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат, № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 13-баптың 3-тармағы «өткізу тәртібі туралы» деген сөздерден кейін «, Интернет желісіндегі авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Редакция, интернет-ресурстың меншік иесі пайдаланылатын зияткерлік меншік құқығының объектілеріне құқықтарды, оның ішінде зияткерлік меншікке авторлық, сабақтас және өзге де құқықтарды сақтауға міндетті.»;

3) 24-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Заңның нормаларын бұзатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға сот тәртібімен тыйым салынады, ал интернет-ресурстар болып табылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары үшін – Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілген интернет-ресурстарға қол жеткізуді тоқтата тұру көзделеді.»

10. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айрықша құқық – тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалануға оның иесінің мүліктік құқығы;

2) бюллетень – тауар таңбалары мен тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;

3) географиялық объектінің атауы – бұл белгілі бір аумақтан, аймақтан немесе жерден шығарылатын тауарды бірыңғайландыру көрсеткіші;

4) жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасы – тауар таңбасы ретінде пайдаланылып жүрген белгі немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге орай, мүдделі тұлғалардың дәлелдемелеріне негізделген құзыретті органның немесе соттың шешімімен жалпыға бірдей белгілі деп танылған
т а у а р т а ң б а с ы ;

5) өтініш беруші – тауар таңбасын тіркеуге немесе тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге өтініш берген заңды немесе жеке тұлға;

6) патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

7) Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасы – 1957 жылғы 15 маусымда Ницце келісімімен қабылданған, кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген сыныптама;

8) тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы (бұдан әрі – тауар таңбасы) – осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі;

9) тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану - тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын қорғалатын тауарларда және қызметтер көрсету кезінде және (немесе) олардың бумасында қолдану, тауар таңбасының немесе тауар шығарылған жердің атауының белгісі бар тауарды жасау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, маңдайшажазуларда, жарнамада, баспа өнімінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, тауар таңбасына құқықты беру, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу;

10) тауар таңбасының немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесі - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, осы Заңға сәйкес тауар таңбасына айрықша құқыққа немесе тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға айрықша құқыққа ие заңды тұлға немесе жеке тұлға;

11) тауар шығарылған жердің атауы – елдің, өңірдің, елді мекеннің, жердің, не басқа географиялық объектінің атауын білдіретін не құрамында атауы бар белгі, сондай-ақ ерекше қасиеттері, сапасы, репутациясы немесе басқа сипаттары негізінен географиялық шығу тегімен, оның ішінде өзіне тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адам факторларымен байланысты тауарға қатысты пайдалану нәтижесінде белгілі болған және туындының осындай атаудан шығарылған сілтемесі;

12) ұжымдық тауар таңбасы – бұл заңды тұлғалардың және (немесе) дара кәсіпкерлердің (бұдан әрі – бірлестік) қауымдастығының (одағының) немесе өзге де бірлестігінің немесе бірыңғай сапалық немесе басқа да сипаттамалары бар олар шығаратын немесе сататын тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) белгілеу үшін қызмет ететін тауар таңбасы.»;

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-3) және 2-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-3) тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты тіркеу жөніндегі өтініштің нысанын бекіту;

2-4) тауар таңбасын пайдалануға лицензиялық шартты немесе қосалқы лицензиялық шартты тіркеу туралы өтініштің нысанын бекіту;»;

3) 3-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) тауар таңбаларына және қызмет көрсету таңбаларына құқықтарды беру туралы шарттарға сараптама жүргізу;»;

4) 6 - б а п т а :

1-тармақтың 6) тармақшасындағы «байланыста бар;» деген сөздер «байланысы бар тауар таңбаларын тіркеуге жол берілмейді.» деген сөздермен ауыстырылып, 4), 5), 7), 8), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшалар алып тасталсын;

3-тармақтың 1) және 3) тармақшаларындағы «географиялық көрсеткіштерді», «географиялық көрсеткіштер» деген сөздер тиісінше «географиялық объектінің атауларын», «географиялық объектінің атаулары» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы «жалпыға бірдей белгілі» деген сөздер «белгіленген тәртіппен жалпыға бірдей белгілі деп танылған» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) егер тауар таңбасын тіркеу дараландыру үшін тауар шығарылған жердің атауы тіркелген тауарларға қатысты жүзеге асырылса, тауар шығарылған жердің осы атауын пайдалану құқығы иесінің атына тіркелетін тауар таңбасының қорғалмайтын элементі ретінде олар енгізілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, кез келген тауарларға қатысты Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар шығарылған жер атауларымен олар араласып кеткен дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас белгілер тіркелуге жатпайды.»;

2-тармақтың 3) тармақшасындағы «, егер осындай құқықтар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелетін тауар белгісіне басымдық берілген күннен бұрын тіркеуден өтсе» деген сөздер алып тасталсын;

6) 8-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
«3. Өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.»;

7) 9-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«6. Тауар таңбасына өтінімді жасау, ресімдеу және қарау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.»;

8) 11-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1) алдын-ала сараптама - өтінім келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі, оның барысында өтінімнің мазмұны, осы Заңның 5 және 9-баптарында белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттардың бар-жоғы тексеріледі;

2) толық сараптама - өтінім берілген күннен бастап тоғыз ай ішінде жүргізіледі, оның барысында мәлімделген белгінің осы Заңның 6 және 7-баптарында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеріледі.»;

9) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Сараптама нәтижелері бойынша шешімдер

1. Алдын ала жасалған сараптама нәтижелері бойынша өтініш берушіге өтінімнің қарауға қабылданғаны, оған тиісті нөмір берілгені, берілген күні және басымдық күні белгіленгені туралы не өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартылғаны туралы дәлелді қ о р ы т ы н д ы т ү р і н д е х а б а р л а н а д ы .

2. Өтініш беруші өзіне толық жасалған сараптаманың алдын ала қорытындысы жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде дәлелді қарсылық беруге құқылы, оны қарау нәтижелері бойынша сараптама жасау ұйымы қарсылық келіп түскен күннен бастап үш ай ішінде түпкілікті қорытынды шығарады.

3. Толық жасалған сараптаманың нәтижелері бойынша уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде тауар таңбасын тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Тіркеу туралы шешім тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бүкіл тізбесіне не олардың бір бөлігіне қатысты болуы мүмкін.

4. Тауар таңбасын тіркеу туралы шешім оны тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізгенге дейін неғұрлым ертерек басымдығы бар өтінімнің анықталуына б а й л а н ы с т ы қ а й т а қ а р а л у ы м ү м к і н .

5. Уәкілетті органның тауар таңбасын тіркеу туралы шешімінің негізінде өтініш беруші сараптама жасау ұйымының оң қорытындысы туралы хабарлама алған күннен бастап үш ай ішінде тауар таңбасына куәлік бергені үшін мемлекеттік баж төлеуді, сондай-ақ тауар таңбасына куәлік беруге құжаттарды дайындағаны үшін сараптама ұйымының іс-әрекеттеріне ақы төлеуді жүргізеді.

Өтініш беруші белгіленген тәртіппен тауар таңбасына куәлікті беруге мемлекеттік баж және тауар таңбасына куәлікті беруге құжаттарды дайындағаны үшін сараптама ұйымының іс-әрекеттеріне ақы төлегені туралы құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тауар таңбасын тіркеу жүргізілмейді, ал тауар таңбасына тиісті өтінім қайтарып алынған болып саналады және ол бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

6. Осы баптың 2-тармағына сәйкес шығарылған сараптама қорытындысымен келіспеген жағдайда өтініш беруші сараптаманың қорытындысы жіберілген күннен бастап үш ай ішінде уәкілетті органға оған қарсылық бере алады. Апелляциялық кеңес қарсылық келіп түскен күннен бастап төрт ай ішінде оны қарауға тиіс.»;

10) 18-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-1-бап. Тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану

1. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттарға орай қорғалатын тауар таңбасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасында құқықтық қорғалмайтын тауар таңбасы ретінде пайдаланылатын, бірақ белсенді пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында кеңінен мәлім болған белгі Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасы деп танылуы мүмкін.

Тауар таңбасын Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың өтінішін уәкілетті органның тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссиясы қарастырады.

Қазақстан Республикасында тауар таңбасын (қызмет көрсету таңбасын) жалпыға бірдей белгілі деп тану жөніндегі комиссия туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

Өтінішті қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның комиссиясы тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы не ондай деп танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, мұндай шешім ол қабылданған кезден бастап он жұмыс күні ішінде тауар таңбасының иесіне жіберіледі.

Егер өтініш беруші ұсынған нақты мәліметтерде таңбаның жалпыға бірдей белгілі болуы өтініште көрсетілгеннен өзге күн екендігі расталса, тауар таңбасы нақты күннен бастап жалпыға бірдей белгілі деп танылуы мүмкін.

Е г е р :

өтініш беруші ұсынған мәліметтерде тауар таңбасының жалпыға бірдей белгілі екені расталмаса немесе олар тауар таңбасының жалпыға бірдей белгілі екенін тану ү ш і н ж е т к і л і к с і з б о л с а ;

өзінің тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тануға өтініш берген күннен неғұрлым ертерек басымдығы бар, қорғалатын немесе бір тектес тауарларға қатысты өзге тұлғаның атына мәлімделген, өтініш берушінің тауар таңбаларымен араласып кеткен дәрежеге дейін бірдей немесе ұқсас тауар таңбасы бар екені анықталса, тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп танудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

Уәкілетті орган комиссиясының осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасына осы Заңда тауар таңбасы үшін көзделген құқықтық қорғау беріледі.

3. Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбаларын құқықтық қорғау:

1) тіркеудің қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты;

2) уәкілетті орган комиссиясының тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану туралы шешімінің күшін жою туралы сот шешімінің күшіне енуіне байланысты тоқтатылады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген белгіні немесе тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану негізінде оның иесіне тауар таңбасы жалпыға бірдей белгілі деп танылған күннен бастап он жыл бойы қолданылатын сертификат беріледі.

Сертификат иесінің өтініші бойынша және тауар таңбасының алпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтер табыс етілген жағдайда оның қолданылу мерзімі келесі он жыл мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жалпыға бірдей белгілі тауар таңбасын тіркеу, оның иесі туралы мәліметтер және осындай тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер жалпыға бірдей белгілі тауар таңбаларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеньде жарияланады.»;

11) 19 - бапта :

4-тармақтың екінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауар таңбасымен белгіленген тауарды жасау, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, сату, оны жарнамада, маңдайшажазуларда, баспа басылымдарында, ресми бланкілерде, өзге де іскерлік құжаттамада қолдану, тауар таңбасына құқықты беру немесе Қазақстан Республикасында өткізілетін көрмелерде тауарлардың көрсетілуі кезінде қолдану, сондай-ақ оларды азаматтық айналымға өзгеше енгізу тауар таңбасын пайдалану болып танылуы мүмкін.»;

5 - тармақ алып тасталсын;

6-тармақтағы «кем емес» деген сөздер «аспайтын» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Қазақстан Республикасының аумағына азаматтық айналымға тікелей құқық иесі енгізген немесе оның келісімімен енгізілген тауарларға қатысты тауар таңбасын басқа тұлғалардың пайдалануы осы тауар таңбасына айрықша құқықты бұзу болып табылмайды.»;

12) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Тауар таңбасына құқықты беру

1. Куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты тауар таңбасына айрықша құқықты оның иесі басқа тұлғаға шарт бойынша беруі мүмкін.

Егер ол тауарға немесе оның дайындаушысына қатысты жаңылыстыруға себепші болатын болса, тауар таңбасына құқықты беруге жол берілмейді.

Тауар таңбасына құқықтың ауысуы, оның ішінде оны шарт бойынша немесе құқық

мирасқорлығы тәртібімен беру уәкілетті органда тіркелуге тиіс.

2. Тауар таңбасын пайдалану құқығын тауар таңбасының иесі (лицензиар) басқа тұлғаға (лицензиатқа) куәлікте көрсетілген барлық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге не олардың бір бөлігіне қатысты лицензиялық шарт бойынша беруі мүмкін.

Лицензиатқа тауар таңбасын пайдалануға рұқсат беретін лицензиялық шарт тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің сапасы лицензиар тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің сапасынан төмен болмайтыны және лицензиардың осы талаптың орындалуына бақылау жасауға құқығы бар екені туралы талапты қамтуға тиіс.

Тауар таңбасына құқықтың күші тоқтатылғанда, лицензиялық шарттың қолданылуы тоқтатылады.

Тауар таңбасына құқықтың басқа тұлғаға ауысуы лицензиялық шартты тоқтатуға әкеп соқпайды.

3. Тауар таңбасына құқықты беру туралы шарт немесе лицензиялық шарт жазбаша нысанда жасалып, уәкілетті органда тіркелуге тиіс. Тіркеу туралы жазбаша нысан мен талаптарды сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеп соғады.

Тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты немесе лицензиялық шартты тіркеу сараптама жасау ұйымы жүргізетін материалдар сараптамасының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қосалқы лицензиялық шарттарды тіркеудің тәртібіне лицензиялық шарттарды тіркеу туралы ережелер қолданылады.

Тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты және лицензиялық шартты тіркеу үшін сараптама жасау ұйымына белгіленген нысандағы өтініш ұсынылады. Өтінішке:

1) титулдық парақпен жабдықталған шарттың төрт дана түпнұсқасы қоса беріледі. Шарттың әрбір данасы тігіледі, тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалған қағаз пломбамен бекітіледі, мөр бедерлемесі мен екі тараптың немесе соған уәкілеттік берген екі тарап тұлғаларының қолдары қойылады.

Лицензиялық шарттар үшін материалдарды тіркеуге беру шартқа қол қойылған күннен бастап алты ай мерзімнен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Шарт түпнұсқаларының орнына шарттың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылуы мүмкін;

2) өтініш патенттік сенім білдірілген тұлға немесе өзге де өкіл арқылы берілген жағдайда, сенімхат;

3) мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжат қоса беріледі.

Лицензиялық шарттар бойынша ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, лицензиардың (қосалқы лицензиардың) басқару органдарының

шарт жасасу және заңды тұлғаның атынан өтініш берген жағдайда шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі жөніндегі шешімін ұсынады.

Өзгеге беру шарттары бойынша ұлттық өтініш берушілер жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, қорғау құжаты немесе айрықша құқық иесінің басқару органдарының, құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысының шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі жөніндегі шешімін ұсынады.

Өтініш пен басқа да қажетті құжаттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ және орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Егер құжаттар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі.

Өтініш бір тауар таңбасына құқықты беру туралы шартқа және лицензиялық шартқа қатысты болуға тиіс.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе уәкілетті органға шарт құжаттарын өз атынан беретін шетелдік заңды тұлғалар шарттарды тіркеуге байланысты құқықтарды Қазақстан Республикасының тіркелген патенттік сенім білдірілген өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Уақытша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген оның азаматтары Қазақстан Республикасы аумағының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайларын көрсеткен жағдайда, шарттарды тіркеуге байланысты құқықтарды патенттік сенім білдірілген өкілдерсіз жүзеге асырады.

4. Өтініш беруші құжаттар тізбесін тіркеу үшін ұсынғаннан кейін сараптама жасау ұйымы өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың болуы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі, өтінішке қоса берілетін шарт материалдарында сараптама жүргізуге ақы төленгенін растайтын құжат болмаған жағдайда, өтініш берушіге төлем шоты беріледі. Бұл жағдайда көрсетілген мерзімдер сараптама жасау ұйымына төлемнің түскен күнінен бастап есептеледі.

Тауар таңбасына құқықты беру туралы шарттың және лицензиялық шарттың қарауға қабылданған материалдары бойынша жиырма күн мерзімде мәні бойынша сараптама жүргізіледі, оның барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тауар таңбасына құқықты беру туралы шарттың және лицензиялық шарттың материалдарына зерделеу жүргізіледі.

5. Жоюға болатын, тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты және лицензиялық шартты тіркеуге кедергі жасайтын негіздер:

1) соған қатысты шарт жасалатын, бірақ қалпына келтіру мүмкіндігі бар куәлік қолданысының тоқтатылуы;

2) өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға лицензия беруге кедергі келтіретін, бұрын жасалған шарттар бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы;

3) шартта Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және ратификацияланған халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің болуы;

4) құжаттардың толық топтамасының ұсынылмауы, не ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай келмеуі.

6. Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе осы баптың 5-тармағында көрсетілген, шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ жоюға болатын негіздер болған жағдайда, сараптама жасау ұйымы өтініш берушіге ол жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды ұсыну немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсынысы бар сауалды жібереді. Бұл жағдайда осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәні бойынша сараптама жүргізу мерзімдері жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды өткізген күннен бастап е с е п т е л е д і .

7. Мынадай негіздер болған :

1) соған қатысты шарт жасалатын қорғау құжаттарының қолданылуы тоқтатылған және оларды қалпына келтіру мүмкіндігі болмаған;

2) осы баптың 6-тармағында көзделген барлық қажетті материалдар мен мәліметтер үш ай мерзімде ұсынылмаған ;

3) тараптарда шарт жасасуға қажетті құқықтар болмаған;

4) лицензиялық шартта лицензиаттың қосалқы лицензиялық шартты тіркеу туралы өкілеттігі болмаған және уәкілетті органда тіркелген лицензиялық шарт болмаған жағдайда, сараптама жасау ұйымы тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты немесе лицензиялық шартты тіркеуден бас тарту туралы қорытынды шығарады.

Сараптама жасау ұйымы қорытынды шығарғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, осы қорытындыны уәкілетті органға жібереді.

8. Сараптама нәтижесі оң болған жағдайда сараптама жасау ұйымы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты немесе лицензиялық шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздердің жоқтығы туралы қ о р ы т ы н д ы н ы ж і б е р е д і .

Тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты немесе лицензиялық шартты тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган сараптама жасау ұйымының қорытындысы келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде қ а б ы л д а й д ы .

9. Шартты тіркеу туралы шешім шығарылғаннан кейін уәкілетті орган:

1) соған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісінің қорғау құжатына қ о с ы м ш а н ы р е с і м д е й д і ;

2) шарттың титулдық парағына тіркеу күнін, тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгені туралы м ө р т а б а н с о ғ а д ы ;

3) тіркелген шарттардың тізіліміне шарт туралы мәліметтерді енгізеді;

4) өтініште хат-хабар алмасу үшін көрсетілген мекенжай бойынша шарттың

тіркелген екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны жібереді;

5) шартты тіркеу туралы мәліметтерді жариялау үшін шарттың бақылау данасын қорытындымен бірге сараптама жасау ұйымына жібереді.

Шарттың үшінші және төртінші даналары тиісті уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымында сақталады және бақылау даналары болып табылады.

Тіркелген шарттар бойынша сараптама жасау ұйымы тіркелген шарттар туралы мәліметтерді, атап айтқанда, шарттың тіркелген нөмірі мен күнін, шарт тараптарының атауын немесе толық мәліметтерін, шарттың мәнін, шарттың қолданылу мерзімін, шарттың қолданылу аумағын бюллетеньде жариялайды.

Кез келген тұлға тіркелген шарттар тізілімінен тіркелген шарттар туралы мәліметке қатысты үзінді көшірмені ашық жариялау үшін алуы мүмкін.

Үшінші тұлғаны шарт мәтінімен таныстыруға, сондай-ақ одан үзінді көшірме алуға шарт тараптарының жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Уәкілетті орган сараптама жасау ұйымының қорытындысы негізінде тауар таңбасына құқықты беру туралы шартты және лицензиялық шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда, қаралып отырған шарт бойынша құжаттар тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген мекенжай бойынша қ а й т а р ы л а д ы .

10. Тауар таңбасына құқықты беру туралы шарт және лицензиялық шарт уәкілетті органда тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.»;

13) 24-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

14) 25-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Шет мемлекеттегі географиялық объектінің атауын, егер осы объектінің атауы осындай атау ретінде тауар шығарылған елде қорғалса, тауар шығарылған жердің атауы ретінде мемлекеттік тіркеуге жол беріледі. Көрсетілген тауар шығарылған жердің атауын пайдаланудың айрықша құқығының иесі тауар шығарылған елде осындай атауды пайдалану құқығы қорғалатын тұлға ғана болуы мүмкін.»;

15) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап. Тауарлар шығарылған жердің атауы ретінде тіркелетін белгілер

1. Тауар шығарылған жердің атауы ретінде елдің, өңірдің, елді мекеннің, жердің немесе басқа да географиялық объектінің қазіргі немесе тарихи, ресми немесе бейресми, толық немесе қысқартылған атауы, сондай-ақ осындай атаудан шыққан белгі және олардың тауардың көріністік атауымен тіркесі тіркелуі мүмкін.

2. Географиялық объектінің атауын білдіргенімен немесе қамтығанымен, бірақ Қазақстан Республикасында тауардың өндірілген жерімен байланысты емес оның белгілі бір түрінің белгілері ретінде жалпы қолданысқа енгізілген белгілер тауар шығарылған жердің атауы болып танылмайды.»;

1) тармақшадағы «географиялық көрсеткіштер» деген сөздер «географиялық объектілердің атаулары» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тауарлардың шығарылған жерімен байланысты емес, географиялық объектілердің атауын қамтитын белгілер тіркелмейді.»;

17) 29-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер атауы тауар шығарылған жердің атауы ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасының аумағында орналасса, аталған географиялық объектінің шекарасында өтінім беруші ерекше қасиеттері, сапасы, репутациясы және басқа да сипаттамалары негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адам факторларымен айқындалатын тауар өндіретіні туралы жергілікті атқарушы органның қорытындысы өтінімге қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бұрын тіркелген тауар шығарылған жердің атауына айрықша құқық беруге арналған өтінімге уәкілетті органның осы географиялық объектінің шекарасында өтінім беруші Қазақстан Республикасының тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде көрсетілген ерекше қасиеттерге ие тауарды өндіретіні туралы қорытындысы қоса беріледі.

Егер атауы тауар шығарылған жердің атауы ретінде мәлімделетін географиялық объект Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасса, өтінім берушінің мәлімделген тауар шығарылған жердің атауына құқығын растайтын құжат өтінімге қоса беріледі.

Өтінімге сараптама жасау ұйымының сараптама жүргізу бойынша көрсететін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат та қоса беріледі. Төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Іс жүргізу өкіл арқылы жүргізілген жағдайда, өтінімге сенімхат қоса беріледі.»;

18) 37-баптың 2 және 3-тармақтарындағы «географиялық көрсеткішті», «географиялық көрсеткіштер» деген сөздер «географиялық объектінің атауын», «географиялық объектілердің атаулары» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«39-бап. Тауар шығарылған жер атауының тіркелуіне және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының берілуіне дау айту

1. Егер тауар шығарылған жердің атауын тіркеу және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беру осы Заңның 26, 27 және 29-баптарында белгіленген талаптарды бұза отырып жүзеге асырылған болса, оған дау айтылып, ол жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Егер тауар шығарылған жердің атауын пайдалану неғұрлым ертерек басымдыққа ие, сондай-ақ Қазақстан Республикасында белсенді пайдалану нәтижесінде кеңінен

танымал болған тауар таңбасының болуына байланысты тауарға немесе оны шығарушыға қатысты тұтынушыны жаңылыстыруы мүмкін болса, тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын беруге, тауар шығарылған жердің атауын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер ресми бюллетеньде жарияланған күнінен бастап бес жылдың ішінде дау айтылып, ол жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3. Кез келген мүдделі тұлға уәкілетті органға осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген негіз бойынша тауар шығарылған жер атауының тіркелуіне және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының берілуіне қарсылық бере алады.

Қарсылық осы Заңның 23-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралуға тиіс.»;

20) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. Апелляциялық кеңес

1. Апелляциялық кеңес осы Заңның 12-бабының 5-тармағына, 19-бабының 4-тармағына, 23-бабының 2-тармағына, 39-бабының 2-тармағына сәйкес берілетін қарсылықтар бойынша дауларды сотқа дейін қарау жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі болып табылады. Апелляциялық кеңес туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

2. Апелляциялық кеңеске мынадай:

1) уәкілетті органның тауар таңбасын тіркеуден бас тарту туралы шешімдеріне (сараптама жасау ұйымының қорытындысына), оның ішінде Мадрид келісімінің 5-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес мәлімделген белгілерге сараптама жасау нәтижелері бойынша қабылданған тауар таңбасын тіркеуден бас тартуларға;

2) уәкілетті органның тауар шығарылған жердің атауын тіркеуден және (немесе) оған пайдалану құқығын беруден бас тарту туралы шешімдеріне;

3) Мадрид келісімінің 5-бабының 6-тармағын қоса алғандағы тауар таңбасының тіркелуіне қарсы;

4) тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге және (немесе) оған пайдалану құқығын беруге қарсы;

5) пайдаланбауына байланысты тауар таңбасының тіркелуіне қарсы қарсылықтар берілуі мүмкін.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қарсылықтарды өтініш беруші немесе оның құқықтық мұрагері тікелей өзі не өкіл арқылы береді.

Осы тармақтың 3) - 5) тармақшаларында көзделген қарсылықтарды кез келген мүдделі тұлға тікелей өзі не өкіл арқылы береді.

Қарсылық қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға тікелей беріледі немесе пошта арқылы жіберіледі. Қарсылыққа қоса берілетін материалдар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Егер қоса берілетін материалдар басқа тілде берілсе, онда

қарсылыққа олардың қазақ және орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасы
қ о с а б е р і л е д і .

Егер қарсылық факсимильдік байланыс немесе электрондық пошта арқылы берілсе, ол осындай қарсылықты алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасымен расталуға тиіс.

Қарсылық осы Заңда көрсетілген мерзімдер ішінде беріледі.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды берудің өтініш беруші өткізіп алған мерзімі, дәлелді себептер болған жағдайда және өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжаты болған жағдайда қалпына келтірілуі мүмкін. Өтініш беруші өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті осы Заңда белгіленген мерзімдер ішінде бере алады. Мұндай өтініш апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

3. Қарсылықты патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге де өкіл арқылы берген жағдайда, сенімхат қазақ және орыс тілдерінде беріледі, егер сенімхат басқа тілде (шетел тілінде) берілсе, онда ол қазақ және орыс тілдеріне аударылуға тиіс, сенімхаттың аудармасын нотариат куәландырады. Қарсылықтың материалдарына нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі немесе ол нотариат куәландырғанын растау үшін апелляциялық кеңестің хатшысына көшірмесімен бірге ұсынылады.

4. Берілген қарсылық апелляциялық кеңес алқасының отырысында осы Заңда белгіленген мерзім ішінде қаралуға тиіс. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылықты берген тұлғаның, сондай-ақ қорғау құжаты иесінің өтініші бойынша, бірақ қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім аяқталатын күннен бастап алты айдан асырмай ұзартылуы мүмкін.

5. Қарсылық берген тұлға, тауар таңбасының немесе тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығының иесі апелляциялық кеңеске оның шешімін алған күннен бастап алты ай ішінде сотқа шағым жасауы мүмкін.»;

21) мынадай мазмұндағы 41-1 және 41-2-баптармен толықтырылсын:

«41-1-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңесте қараудан бас тарту негіздері

1 . Е г е р :

- 1) қарсылық апелляциялық кеңесте қаралуға жатпаса;
- 2) қарсылыққа қол қойылмаса не оған қол қоюға өкілеттігі жоқ тұлға қол қойса;
- 3) қарсылық белгіленген мерзімді бұза отырып берілсе және көрсетілген мерзімді ұзарту мен қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ болса;
- 4) өтініш беруші қарсылық беруді рәсімдеуге, мазмұндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптарға қатысты кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоймаса, қарсылықты қарауға қабылдаудан бас тартылады.

Көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда, қарсылық берген тұлғаға алынған

қарсылықты қарауға қабылдауға болмайтыны және ол берілген жоқ деп есептелетіні туралы хабарлама жіберіледі.

Қарсылық берген тұлға немесе оның өкілі берілген қарсылықты апелляциялық кеңес алқасының шешімі жария етілгенге дейін қайтарып алуы мүмкін.

41-2-бап. Қарсылықты апелляциялық кеңес алқасының отырысында қарау

1. Қарсылықты қарау құрамында кемінде бес мүшесі бар апелляциялық кеңес алқасында жүзеге асырылады. Дауды қарау басталғанға дейін апелляциялық кеңес алқасының дербес құрамының құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Апелляциялық кеңес алқасының отырысына қорытынды ұсыну үшін ғылыми ұйымдардың өкілдері мен тиісті бейіндегі мамандар шақырылуы мүмкін.

2. Апелляциялық кеңес алқасы отырысты өткізу мерзімдерін мынадай жағдайларда:

- 1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен, қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмаса;
- 2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) тараптардың ұсынуы қажет болғанда;
- 3) тараптардың өтініші бойынша кейінге қалдыруға құқылы.

3. Қарсылықты қарауға қатысушы тұлғалардың:

- 1) іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірме жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс беруге және оны алуға;
- 2) дәлелдемелер ұсынуға;
- 3) дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;
- 4) апелляциялық процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға;
- 5) өтініштер мәлімдеуге;
- 6) апелляциялық кеңес алқасының мүшелеріне ауызша және жазбаша түсініктер беруге;
- 7) қарсылықты қарау барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынуға;
- 8) іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштеріне, дәлелдері мен пайымдауларына қарсылық білдіруге құқығы бар.

4. Дау мәні бойынша шешілген жағдайда апелляциялық кеңес алқасы шешім шығарады.

Шешім апелляциялық кеңес алқасы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық кеңес алқасының отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша мынадай:

- 1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;
- 2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;
- 3) қарсылықты қарау мерзімін кейінге қалдыру туралы;

4) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарылады.

5. Апелляциялық кеңес алқасы шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде апелляциялық кеңестің шешімін әзірлейді және тараптарға жібереді. Апелляциялық кеңестің шешімі жазбаша нысанда баяндалады және ол кіріспелік, сипаттамалық, дәлелдемелік және қарарлық бөліктерден тұруға тиіс.

Апелляциялық кеңестің шешіміне апелляциялық кеңес алқасының барлық мүшелері қол қояды.»;

22) 45-баптың екінші бөлігі «өтінімдер қабылдауды» деген сөздерден кейін «тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына, тауар шығарылған жерлердің атауларына сараптама жүргізуді, тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына құқықтарды беру туралы шарттарға немесе лицензиялық шарттарға (қосалқы лицензиялық шарттарға)» деген сөздермен толықтырылсын;

23) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«46-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға қ ұ қ ы л ы .

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу үшін уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымының қызметкерлері арасынан аттестаттау комиссиясын құрады. Бұл ретте, аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ең аз саны кемінде бес қызметкерден тұрады.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттауды сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардан өтініштердің келіп түсуіне қарай жылына кемінде бір рет өткізеді.

Аттестаттау комиссиясы аттестаттау нәтижелері бойынша кандидатты аттестаттау не аттестаттаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Аттестаттау комиссиясы шешімінің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

Аттестаттау комиссиясы шешім шығарған кезден бастап үш ай ішінде мұндай шешімге сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын уәкілетті о р г а н б е л г і л е й д і .

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларға куәлік беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін м е м л е к е т т і к б а ж а л ы н а д ы .

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен

айналысуға тыйым салынған адамдар ;

2) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар ;

3) қылмыс жасағаны үшін заң тәртібінде белгіленген өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар ;

4) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді .

3. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен :

1) патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде ;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын адамдарға, оның ішінде уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне жатқызу кезеңіне;

3) осы Заңның 46-2-бабы 1-тармағының 2) және 6) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады .

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылған жағдайда, оның қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта жалғастырылады .

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің өкілі ретінде зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және сараптама жасау ұйымымен іс жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырады. Уәкілетті органмен және сараптама жасау ұйымымен іс жүргізуді сондай-ақ өтініш беруші және (немесе) тауар таңбасының иесі дербес жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар уәкілетті органда және оның ұйымдарында патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы өздерінің өтініш беруші, тауар таңбасының, қызмет көрсету таңбасының және тауар шығарылатын жер атауының иесі ретіндегі құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасу үшін мекенжайларын көрсеткен кезде патенттік сенім білдірілген өкілсіз-ақ өздерінің өтініш беруші, тауар таңбасының, қызмет көрсету таңбасының және тауар шығарылатын жер атауының иесі ретіндегі құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асыра алады .

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде құпиялы ақпаратқа немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияға қойылатын талаптарды сақтаған кезде құпиялы болып танылады.»;

24) мынадай мазмұндағы 46-1 және 46-2-баптармен толықтырылсын:

«46-1-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтары мен міндеттері

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің (жеке немесе заңды тұлғаның), өзімен еңбек шартын жасасқан жұмыс берушінің немесе өзімен немесе өзінің жұмыс берушісімен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тұлғаның мүддесінде мынадай қ ы з м е т т ү р л е р і н :

1) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік құқықтарын иелену немесе беру мәселелері бойынша консультация беру;

2) тапсырыс берушінің, сенім білдірушінің, жұмыс берушінің атынан және тапсырмасы бойынша тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын және тауар шығарылатын жердің атауларын тіркеуге өтінімдерді ресімдеу және жасау жөніндегі ж ұ м ы с т а р д ы ж ү з е г е а с ы р у ;

3) тауар таңбаларына, қызмет көрсету таңбаларына және тауарлар шығарылатын жердің атауларына құқықтарды қорғау мәселелері бойынша уәкілетті органмен және (немесе) сараптама жасау ұйымымен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде хат-хабар алмасуды жүргізу, сараптама шешімдеріне қарсылықтарды дайындау және жолдау, сараптама жасау ұйымы жанындағы сараптама кеңесінің отырыстарына қатысу;

4) лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және (немесе) өзгеге беру шарттарын жасауға, қарауға және кейіннен оларды сараптамаға жіберуге жәрдемдесу қ ы з м е т і н ж ү з е г е а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.

3. Патенттік сенім білдірілген өкіл тауар таңбаларына (қызмет көрсету таңбаларына) және тауар шығарылған жерлердің атауларына өтінімдер беруге және (немесе) қорғау құжаттарын алуға, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беруге байланысты істерді жүргізуге арналған сенімхаттың көшірмесін ұсынған жағдайда, көрсетілген өтінім немесе қарсылық берілген кезден бастап үш ай ішінде патенттік сенім білдірілген өкіл тиісінше сараптама жасау ұйымына және уәкілетті органға сенімхаттың түпнұсқасын ұсынуға міндетті. Түпнұсқалылығы расталғаннан кейін сенімхаттың түпнұсқасы қайтарылуға жатады.

Егер сенімхат шет ел тілінде жасалса, онда міндетті түрде оның нотариус растаған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.

4. Егер патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша мүдделері іс жүргізу туралы өтініш жасаған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғалардың атынан өкілдік етсе немесе оларға консультация берсе немесе оны қарауға өзгеше қатысса,

сондай-ақ, егер істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілдің жақын туысы, жұбайы (зайыбы) және оның жақын туысы болып табылатын лауазымды адам қатысса, ол тапсырманы қабылдамауға міндетті.

46-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін қайтарып алу және оның күшін жою

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл аттестаттау комиссиясының шешімімен:

1) өзінің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;
2) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;
3) патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда;

4) патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде;

5) патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;

6) патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе оның әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы баптың 4), 5), және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тізілімнен шығарылған жағдайда, аттестаттау комиссиясының шешімімен куәліктің күші жойылады. Куәліктің күшін жою туралы мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі патенттік сенім білдірілген өкілдің өзінің немесе соған негізі бар үшінші тұлғалардың өтініші негізінде аттестаттау комиссиясының шешімімен қайтарып алынады.

Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларындағы негіздер бойынша тізілімнен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл өзін тізілімнен шығаруға себеп болған негіздер тоқтатылып, тізілімнен шығару туралы шешім жарияланған күннен бастап үш жыл ішінде аттестаттау комиссиясына өтініш берген жағдайда, біліктілік емтиханын қайта тапсырмай-ақ, патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде қайта тіркелуі мүмкін. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған құжаттар бойынша осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздердің жойылу фактісін анықтайды.

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл бұл туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылады, ал оны патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы куәлік қайтарып алынады не оның күші жойылады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы Заңда белгіленген өз міндеттерін адал орындамаған жағдайда, уәкілетті орган құрамы уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссия құрады.

Апелляциялық комиссия алқалы орган болып табылады және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың пікірінше, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіретін патенттік сенім білдірілген өкілдердің қолданыстағы заңнаманы бұза отырып жасаған іс-әрекеттеріне олардың шағымдарын қарайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің іс-әрекеттеріне шағым берген тұлғалар және өздеріне қатысты осындай шағымдар берілген патенттік сенім білдірілген өкілдер апелляциялық комиссияның отырысына қатысуға құқылы.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігінің күшін жою туралы сотқа талап арыз жолдауға ұсыным жасайды не мынадай:

1) дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты немесе объективті шешім қабылдауға ықпал ететін мән-жайлар анықталғанға дейін шағымның қаралуын кейінге қалдыру туралы;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Апелляциялық комиссия туралы ережені уәкілетті орган белгілейді.»

11. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 11-баптың 1-тармағында «құрылған ұйым» деген сөздерден кейін «, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе» деген сөздермен толықтырылсын.

2) 19-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асады.

Саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қоспағанда, құрылтай съезін (конференция

, жиналыс) шақыратын, онда жарғы қабылданатын және басшы органдар қалыптастырылатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар - қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары болып табылады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.».

12. «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 181-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

1) 4-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

2) 11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Топологияның авторы немесе өзге де құқық иеленуші топологияны уәкілетті органға тіркеуге өтінім беру арқылы тіркеуге құқылы.

Топологияны тіркеу туралы өтінім мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады. Өтінімнің басқа құжаттары мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерде ұсынылады. Егер өтінімнің өзге құжаттары басқа тілде ұсынылса, өтінімге олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасы қоса беріледі. Аударма өтініммен бір мезгілде немесе басқа тілдегі құжаттарды қамтитын өтінім уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап екі айдан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.»;

3) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдер

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жоғары білімі және зияткерлік меншік саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен және зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органда тіркелген Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы патенттік сенім білдірілген өкіл болуға құқылы.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу үшін уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымының қызметкерлері арасынан аттестаттау комиссиясын құрады. Бұл ретте, аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ең аз саны кемінде бес қызметкерден тұрады.

Уәкілетті орган патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттауды сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардан өтініштердің келіп түсуіне қарай жылына кемінде бір рет өткізеді.

Аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы кандидатты аттестаттау не аттестаттаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Аттестаттау комиссиясы шешімінің нысанын уәкілетті орган бекітеді. Аттестаттау комиссиясы шешім шығарған кезден бастап үш ай ішінде мұндай шешімге сот тәртібімен шағым жасауға болады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидат аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсырған кандидатқа патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі беріледі, оның нысанын

уәкілетті орган бекітеді.

Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттарды аттестаттаудан өткізу және оларға куәлік беру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін мемлекеттік баж алынады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттар аттестаттауына:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;

2) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар;

3) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

4) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған адамдар жіберілмейді.

3. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатын адамдарға, оның ішінде уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлеріне жатқызу кезеңіне;

3) осы Заңның 15-2-бабы 1-тармағының 2) және 6) тармақшаларында және 5-тармағында көзделген мән-жайларды анықтау мақсатында тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметі аттестаттау комиссиясы үш ай ішінде тиісті шешім қабылдағанға дейін тоқтатыла тұрады.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылған жағдайда, оның қызметі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен қайта жалғастырылады.

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің немесе патент иеленушінің өкілі ретінде уәкілетті органмен іс жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асырады. Уәкілетті органмен іс жүргізуді, сондай-ақ өтініш беруші және (немесе) құқық иеленуші дербес жүзеге асыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар уәкілетті органда патенттік сенім білдірілген өкілдер арқылы өздерінің өтініш беруші ретіндегі құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасу үшін

мекенжайларын көрсеткен кезде патенттік сенім білдірілген өкілсіз-ақ өтініш беруші ретіндегі құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлға ретіндегі құқықтарын жүзеге асыра
а л а д ы .

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл сенім білдірушіден оның тапсырмасын орындауға байланысты алатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде құпиялы ақпаратқа немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияға қойылатын талаптарды сақтаған кезде құпиялы болып танылады.»;

4) мынадай мазмұндағы 15-1 және 15-2-баптармен толықтырылсын:

«15-1-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтары мен міндеттері

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл өтініш берушінің, өзімен еңбек шартын жасасқан жұмыс берушінің немесе өзімен немесе өзінің жұмыс берушісімен азаматтық-құқықтық шарт жасасқан тұлғаның мүддесінде мынадай қызмет түрлерін:

1) интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды иелену немесе беру мәселелері бойынша
к о н с у л ь т а ц и я б е р у ;

2) өтініш берушінің атынан және тапсырмасы бойынша интегралдық микросхемалар топологияларына өтінімдерді ресімдеу және жасау жөніндегі
ж ұ м ы с т а р д ы жү з е г е а с ы р у ;

3) интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу мәселелері бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау;

4) лицензиялық (қосалқы лицензиялық) шарттарды және (немесе) өзгеге беру шарттарын жасауға, қарауға және кейіннен оларды сараптамаға жіберуге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2. Патенттік сенім білдірілген өкілдің өкілеттігі сенімхатпен куәландырылады.

3. Патенттік сенім білдірілген өкіл интегралдық микросхемалардың топологияларын тіркеуге өтінімдер беруге және (немесе) қорғау құжаттарын алуға, сондай-ақ апелляциялық кеңеске қарсылықтарды беруге байланысты істерді жүргізуге арналған сенімхаттың көшірмесін ұсынған жағдайда, көрсетілген өтінім немесе қарсылық берілген кезден бастап үш ай ішінде патенттік сенім білдірілген өкіл тиісінше сараптама жасау ұйымына және уәкілетті органға сенімхаттың түпнұсқасын ұсынуға міндетті. Түпнұсқалылығы расталғаннан кейін сенімхаттың түпнұсқасы
қ а й т а р ы л у ғ а ж а т а д ы .

Егер сенімхат шетел тілінде жасалса, онда міндетті түрде оның нотариус растаған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылуға тиіс.

4. Егер патенттік сенім білдірілген өкіл осы іс бойынша мүдделері іс жүргізу туралы өтініш жасаған тұлғаның мүдделеріне қайшы келетін тұлғалардың атынан өкілдік етсе немесе оларға консультация берсе немесе оны қарауға өзгеше қатысса, сондай-ақ, егер істі қарауға патенттік сенім білдірілген өкілдің жақын туысы, жұбайы (

зайыбы) және оның жақын туысы болып табылатын лауазымды адам қатысса, ол тапсырманы қабылдамауға міндетті.

15-2-бап. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін қайтарып алу және оның күшін жою

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл аттестаттау комиссиясының шешімімен:

- 1) өзінің аттестаттау комиссиясына берген өтініші негізінде;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен кезде;
- 3) патенттік сенім білдірілген өкілдің кәсіптік қызметінде бес жылдан астам үзіліс болған жағдайда;
- 4) патенттік сенім білдірілген өкіл қылмыс жасағаны үшін сотталып, соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде;
- 5) патенттік сенім білдірілген өкіл қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған не ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда;
- 6) патенттік сенім білдірілген өкіл әрекетке қабілетсіз немесе оның әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған жағдайда патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылады.

2. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы баптың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тізілімнен шығарылған жағдайда, аттестаттау комиссиясының шешімімен куәліктің күші жойылады. Куәліктің күшін жою туралы мәліметтер патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізіліміне енгізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайда, патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі патенттік сенім білдірілген өкілдің өзінің немесе соған негізі бар үшінші тұлғалардың өтініші негізінде аттестаттау комиссиясының шешімімен қайтарып алынады.

Осы баптың 1-тармағы 1) және 2) тармақшаларының негіздері бойынша тізілімнен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл тізілімнен шығаруға себеп болған негіздер тоқтатылып, тізілімнен шығару туралы шешім жарияланған күннен бастап үш жыл ішінде аттестаттау комиссиясына өтініш берген жағдайда, біліктілік емтиханын қайта тапсырмай-ақ, патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде қайта тіркелуі мүмкін. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған құжаттар бойынша осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздердің жойылу фактісін анықтайды.

4. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімінен шығарылған патенттік сенім білдірілген өкіл, бұл туралы мәліметтер енгізілген күннен бастап патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылады, ал оны патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркеу туралы куәлік қайтарып алынады не оның күші жойылады.

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл осы Заңда белгіленген өз міндеттерін адал орындамаған жағдайда, уәкілетті орган құрамы уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ

санынан тұратын апелляциялық комиссия құрады.

Апелляциялық комиссия алқалы орган болып табылады және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың пікірінше, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіретін патенттік сенім білдірілген өкілдердің қолданыстағы заңнаманы бұза отырып жасаған іс-әрекеттеріне олардың шағымдарын қарайды.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің іс-әрекеттеріне шағым берген тұлғалар және өздеріне қатысты осындай шағымдар берілген патенттік сенім білдірілген өкілдер апелляциялық комиссияның отырысына қатысуға құқылы.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия уәкілетті органға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің күшін жою туралы сотқа талап арыз жолдауға ұсыныс жасайды не мынадай:

1) дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты немесе объективті шешім қабылдауға ықпал ететін мән-жайлар анықталғанға дейін шағымның қаралуын кейінге қалдыру туралы;

2) шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Апелляциялық комиссия туралы ережені уәкілетті орган белгілейді.».

13. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 49-құжат; № 15, 71-құжат, № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат):

7-бап мынадай мазмұндағы 35-1) тармақшамен толықтырылсын:

«35-1) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке немесе заңды тұлғалардың тауар таңбасы және қызмет көрсету таңбасы ретінде пайдалану үшін Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетінің игілігі болып табылатын белгілерді келіседі не келісуден бас тартады.».

14. «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 13-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халыққа қызмет көрсету орталықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

2-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н. НАЗАРБАЕВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ